



БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

# АРЗАН СОТ ТӨРЕЛІГІ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚЫМБАТҚА ТҮСЕДІ



2020 жылдың қазан айының аяқ шенінде Қазақстан Республикасы судьяларының съезі өтті. Съезде қаралған негізгі мәселенің бірі азаматтардың сот жүйесіне деген сенімін арттыру. Сонымен қатар, сенімсіздіктің туындау себептері – судья лауазымына кадр тағайындаудағы жіберілген қателіктер мен кемшіліктер және сот төрелігін жүргізуде заңдылық пен әділдікті қамтамасыз етудің қажеттілігі кеңінен талқыланды.


(Соңы 3-бетте)



Бектөре СҰЛТАН, Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығы, полиция полковнигі:

«ЖҰМЫС КҮШЕЙІП,  
ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ»

6-бет



КИЕЛІ КІТАПТЫҢ ІЗІ

8-бет

СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

ТҮЙТКІЛ

Дания ЕСПАЕВА, Парламент Мәжілісінің депутаты:

«ПРЕЗИДЕНТ  
САЙЛАУЫНА  
ӘЙЕЛДЕР НАМЫСЫН  
ҚОРҒАП  
ҚАТЫСТЫМ»



– Дания Мәдиқызы, Қазақстанда әйелдер арасында алғаш рет Президент сайлауына президенттікке үміткер ретінде қатыстыңыз. Бұл сіздің өз шешіміңіз бе, әлде партиядан берілген тапсырма ма?

– Әрине, өз шешімім. Президент сайлауы болады дегенде «Ақ жол» партиясы атынан фракциямыздың жетекшісі Азат Перуашев мырза өз кандидатурасын ұсынады деп ойлағанбыз.

(Соңы 5-бетте)

## АУЫЛ ХАЛҚЫ ИГІЛІККЕ ҚАШАН ЖЕТЕДІ?

Ұлттық статистика бюросының деректеріне қарағанда ел тұрғындарының 60 пайызы қалада тұрады. 1990 жылдары басталған агломерация үдерісі 2010 жылдарға дейін қарқынды жүріп, тек соңғы онжылдықта баяулай бастады. Оған мемлекеттік бюджеттен ауылды, агроөнеркәсіп кешенін және инфрақұрылымды дамытуға бөлінетін қаржының ұлғаюы өз ықпалын тигізді.

«Арқада қыс жайлы болса, арқар ауып несі бар?» дегендей, өтпелі кезеңде ауылдан қалаға ағылған жұртты мұнда да құшағын жайып қарсы алған ешкім болған жоқ. Олардың жана ортаға сіңісуі күрделі жағдайда жүріп, әлеуметтік мәселелер жыл өткен сайын қордалана түсті. Көзге шыққан сүйелдей болған бұл жараның жарылуы қаншалықты қауіпті екенін ең алғаш Алматыдағы «Шаңырақ оқиғасы» көрсетті. 2019–2020 жылғы қысқы маусымда күнкөріс үшін өздері күні-түні жұмыс істеп, балала-

рын сыртынан бекітіп кеткен жалдамалы пәтерлері отқа оранған отбасылардың қасіретті жағдайынан кейін ол өзінің шарықтау шегіне жеткенін аңғартты.

ҚР Тұңғыш Президентінің «Ауылдың амандығы – елдің амандығы». «Ауыл – қазақтың алтын бесігі» деген сөздерін билбордқа жазып, көрнекі жерге ілмеген елді мекендер Қазақстанда өте сирек. Сол рухани құрғамырымыз саналатын ауылда тұрғындар үшін сапалы қызмет көрсете алатын әлеуметтік, мәдени, спорттық нысандарды былай қойғанда,

ауыз су мен газ, кәріз жүйесінің өзі әлі қолжетімді бола қойған жоқ. Тұрғындардың арыз-шағымы бойынша оны БАҚ-та да жазып, көрсетіп жатыр. Бұл әлеуметтік желілерде де әрдайым сөз болып, жұртшылық сөзі мен ісі үйлеспейтін атқарушы органдардың атына сын-ескертпе айтудан кенде болмады. «Елу жылда ел жаңа, жүз жылда қазан» дейтін халқымыз үшін су, кәріз жүйесі кейбіреулер айтып жүргендей таңсық дүние емес. Түрлі қазба жұмыстары кезінде табылған археологиялық материалдар арқылы ғалымдар сонау орта ғасырлардың өзінде-ақ ел аумағындағы 400-дей қаланың бәрінде жоғары мәдениеттің болғанын, олардың бәрінде орталық су, кәріз жүйелері жасалғанын әлдеқашан дәлелдеп берген.

(Соңы 3-бетте)

## АРДАГЕР СУДЬЯЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫН КӨТЕРГЕН ЖӨН БЕ?

Айжан МОЛБАЕВА, Маңғыстау облыстық сотының судьясы:

– Ардагер судьялардың зейнетақысын көтеру туралы қолданыстағы заңнамаға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы бастаманың көтеріліп жатқанынан өз басым хабарсызбын. Қазір елдің барлық азаматтарының жалақысы да, зейнетақысы да, әлеуметтік жәрдемақысы да айлық есептік көрсеткішпен есептеледі ғой.

Соған орай өз басым, ешкімді бөле-жармай жалпы халықтың айлық, зейнетақысын бірдей көтеру керек деп санаймын. Өйткені, еліміздегі айлық есептік көрсеткіш мөлшері осыдан 7-8 жыл бұрын тағайындалды. Алайда, қарап отырсаңыз, одан бері көп нәрсе өзгерді.

«Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы Парламент талқысына ұсынылған. Жобаға сай отставкадағы судьялардың зейнетақысына қатысты мәселе күн тәртібіне қойылып отыр. Жоғарғы Соттан зейнетке шыққан судья-ардагерлердің зейнетақысы неге өзге елдердегі отставкадағы судьялардың зейнетақысынан көп төмен? Бұл мәселені қалай шешкен жөн?

Осы арада ардагер судьялардың зейнетақысын көтерудің тағы бір өзекті жағын айта кеткен жөн деп санаймын.

Жанділді ЖАҚЫПОВ, Халықаралық құқық қорғау орталығының төрағасы:

– Ардагер судьялардың зейнетақысын көтеруді өз басым дұрыс деп санаймын. Сот биліктің маңызды бір саласы ғой. Онда жұмыс жасайтын адамдарға қойылатын талап та басқалардан ерекше болады. Жауапкершілік те өте жоғары. Сондықтан Үкіметтің атынан қызмет етіп, шешім шығарып сотта беделді қызмет атқарғандықтан оларға алғыс ретінде зейнетақысын көтеру қоғам болып құптайтындай маңызды нәрсе.

(Соңы 3-бетте)



# МӘЖБҮРЛЕУ ШАРАЛАРЫ ЖАУАПКЕРШІЛІКТІ АРТТЫРАДЫ

**Биылғы жылдың басты  
Реформасы – әкімшілік  
әділет құрылымының өн-  
гізiлуi. «Халық үніне құлақ  
асатын мемлекет» бағдар-  
ламасы аясында іске асы-  
рылып жатқан бұл жүйенің  
қоғам үшін берері көп.**

Әкімшілік соттарға азаматтар, жеке кәсіпкерлер мемлекеттік акті шығаратын кез келген мекемеге қатысты талап қою арызымен жүгіне алатынын айтып келеміз. Ал енді Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексте кездесетін процестік мәжбүрлеу шараларын қарастырайық. Себебі, мәжбүрлеу шаралары әсіресе, мемлекеттік мекемелердің жауапкершілігін күшейтеді.

Процестік мәжбүрлеу шараларына ескерту, сот отырысы залынан шығарып жіберу, ақшалай өндіріп алу жатады. Оның ішінде ақшалай өндіріп алу – мәжбүрлеу шарасының жаңа түрі болып табылады. Бұл шара процестік құқықтарды теріс пайдаланатын немесе процестік міндеттерді орындамайтын тұлғаға, оның ішінде сот белгілеген мерзімді дәлелсіз себептермен бұза отырып, дәлелдер ұсынылған, тапсырмалар орындалған жағдайларда қолданылады. Осы іс-әрекеттер әкімшілік істі қараудың созылуына алып келсе, сот әрбір әрекет (әрекетсіздік) үшін 10 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Аталған мәжбүрлеу шарасы соттың талабын, сұрау салуын орындамағаны, әкімшілік іске қатысушы адамның сотқа келмегені, сотқа уақытылы хабарламағаны, кері қайтарып

алуды уақытылы бермегені, сот отырысында төрағалық етушінің өкімдеріне бағынбағаны, сотта белгіленген қағидаларды бұзғаны, сондай-ақ сотты, судьяны құрметтемегені туралы анық куәландыратын өзге де әрекеттер үшін сот 20 АЕК-ке дейінгі мөлшерде ақшалай өндіріп алуды қолдануға құқылы.

Ал соттың шешімін, соттың тараптардың татуласу, медиация немесе дауды партисипативтік рәсім тәртібімен реттеу туралы келісімін бекіту туралы ұйғарымын орындамағаны үшін сот жауапкерге 50 АЕК мөлшерінде ақшалай өндіріп алуды қолданады. Ақшалай өндіріп алу жеке тұлғаға, лауазымды адамға, заңды тұлғаға не оның өкіліне 10 АЕК-тен бастап 100 АЕК-ке дейінгі мөлшерде қолданылады.

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотында 1 шілдеден бастап бүгінгі күнге дейін ақшалай өндіріп алу бойынша 15 сот ұйғарымы шығарылып, 408 380 теңге қаражат республикалық бюджет пайдасына өндірілген.

Мысалы, екі серіктестік Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық әкімшілік сотына жүгініп, мемлекеттік мекеменің шешімдерін заңсыз деп тануды сұраған.

Сот әкімшілік істерді уақытылы және сапалы қарау мақсатында жауапкерден серіктестіктер мен мекеме арасында туындаған дауларға қатысты барлық құжаттар мен жазбаша пікірді сұратқан. Алайда, белгіленген мерзім ішінде жауапкер мекеме сот сұранысын орындаудан негізсіз жалтарған.

Аталған дерек негізінде сотпен мемлекеттік мекеме басшысына қатысты сот өндірісіндегі екі істің әрқайсысы бойынша 10 АЕК, яғни 29 170 теңгеден ақшалай өндіріп алу қолданылды. Айта кету керек, ақшалай өндіріп алу жауапкерді сот талабын орындаудан босатпайды. Егер, жауапкер одан әрі сот талабын орындаудан жалтаруын жалғастырса, онда тағы да сомасы көбейтілген ақшалай өндіру шаралары қолданылуы мүмкін.

Маңғыстауда бір іс бойынша бір мемлекеттік мекеме басшысына сот талабын орындамағаны үшін және оны қайталап жасағаны үшін екі рет ақшалай өндіріп алу қолданылды. Тек осыдан соң ғана мемлекеттік мекеме басшысы сот талабына жауапкершілікпен қарап, жылдам ден қойды.

Жауапкер ақшалай өндіріп алу туралы сот ұйғарымын қолына алған күннен бастап бес күн ішінде бюджетке төлем жасауға міндетті. Егер жауапкер ақшалай өндіріп алу туралы сот ұйғарымымен келіспеген жағдайда, ақшалай өндіріп алу сомасын төлеп, содан соң ғана апелляциялық тәртіпте шағым келтіре алады.

Жаңа кодекстегі бұл мәжбүрлеу шарасы тараптардың өз міндеттерін тиісті түрде орындауына әсер етеді. Өз кезегінде істі негізді, заңды әрі толық қарау мүмкіндігі мен мемлекеттік аппараттың әрекетсіздігінен қарапайым адамдарды қорғау мүмкіндігі артады.

**Қазила САҒЫНДЫҚОВА,  
Маңғыстау облыстық сотының  
әкімшілік істер жөніндегі  
сот алқасының судьясы**

# ҚҰҚЫҚ

**Кәсіби мемлекеттік аппаратты қалыптастыруда мемлекеттік қызметке іріктеу рәсімдерін жетілдіру арқылы білікті де білімді азаматтарды қабылдауға мән беру қажет. Мемлекеттік қызметшілердің меритократия қағидаттары негізінде, еңбегіне әрі мамандығына сай өсу мүмкіндігі назарға алынады. Сондай-ақ, олардың моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талап қойылады.**

# МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРГЕ ҚОЙЫЛАР ТАЛАП ЖОҒАРЫ

Мемлекеттік қызметші әдепсіз мінез-құлық мемлекеттік аппаратқа деген сенімді төмендететінін түсініп, өзіне жүгінген азаматтардың әрбір мәселесіне ұқыпты қарап, шешімді уақытылы қабылдап және оның заңдылығы мен әділдігін қамтамасыз етуі қажет. Осы жұмыстарды іске асыру мақсатында әдеп жөніндегі уәкіл қызметі дербес лауазым ретінде бекітілді. Облыстық соттағы әдеп жөніндегі уәкілдің функциясы Соттар әкімшісі басшысының орынбасарларына жүктелген.

Әдеп жөніндегі уәкіл ретінде Шымкент қаласы бойынша Соттар әкімшісі басшысының орынбасары Қ.Исламовтың бастамасымен мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі заңнамаларды және Әдеп кодексінің талаптарын түсіндіру бойынша мемлекеттік қызметшілермен, тұрғындармен кездесу, семинар-дәрістер өткізіліп тұрады.

Қалалық сотта Персоналды басқару бөлімінің ұйымдастыруымен ел Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясының Шымкент қаласы бойынша филиалының аға оқытушысы Алия Ахметова «Әдеп нормалары және қарым-қатынас мәдениеті» тақырыбында семинар өткізді.

«Қайталау – оқу анасы» демекші, се-

минарда сот қызметкерлері Мемлекеттік қызметшілердің әдеп кодексін тағы бір зерделеп, жалпы этикалық нормалар бойынша ой бөлісті. А.Ахметова ежелден келе жатқан 4 негізгі адами құндылық – адалдық, парасаттылық, әділдік және сенім туралы сөз қозғап, сот кеңсесінің мамандарымен күнделікті қызметте осы құндылықтарға негізделген мінез-құлық стандарттар шегінен аспай, қарым-қатынас орнату жолдарын түсіндіріп өтті. Соттар әкімшісінің бөлім басшылары мен аудандық соттардың кеңсе меңгерушілері аға оқытушыға өздерінің көкелерінде жүрген сұрақтарын қойып, оған тиісті жауап алды. Қатысушылар белсенділік танытып, семинардың соңы пікір-сайысқа ұласты.

Сонымен қатар, көпшілік алдында, бұқаралық ақпарат құралдарында және сотқа келген азаматтармен сөйлесу кезінде кеңсе қызметкерлері үшін әрдайым естен шықпауы тиіс әдеп нормалары туралы жан-жақты айтылды. Жалпы, адамның мәдениеті жоғарылаған сайын, оның айналасындағы адамдармен қарым-қатынасы да сыпайы бола түседі.

**Н.АТАХАНОВА,  
Шымкент қаласы бойынша  
Соттар әкімшісі персоналының  
басқару бөлімінің басшысы**

**Биыл Қазақстан Республикасының Тәуелсіз ел болғанына 30 жыл толып отыр. Тәуелсіздік – кастерлі де қасиетті ұғым. Осынау ұлы күнді атап өту, оны бойымызға сіңіру әрі ұлықтау міндет. Соған орай тәуелсіздік жылдары жеткен жетістіктерімізді, оның ішінде сот жүйесінің жетістіктерін насихаттау және мемлекеттік қызметшілер арасында шығармашылықты дамыту мақсатында Қызылорда облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың қызметкерлері арасында «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты шығармашылық байқау өтті.**

# «ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМІЗ»

Байқау барысында қасиетті Отанымыздың егемендігін жырлаудан танбайтын, мемлекеттік қызмет пен шығармашылықты қатар алып жүрген, сен тұр мен атайын деген он жеті қызметші өз өнерлерін ортаға салды. Олардың өнеріне өз саласының майталмандарынан құралған әділ қазылар төрелік етті. Атап айтқанда қазылар құрамында тәуелсіз сарапшы-журналист Айтқұл Шалғынбаева бастаған, Жазушылар одағының мүшесі, акын Дүйсенбек Аяшұлы, Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің оқытушысы Айман Айтбаева, Қызылорда облысы бойынша соттар әкімшісінің басшысы Сағатбек Сүлеймен және ҚР мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаментінің мемлекеттік қызмет басқармасының басшысы Жасұлан Шынтасовтар болды.

Қатысушылар ережеге сәйкес екі сайыс түрінен бақ сынасты. Алдымен тақырыпқа сай эссе жазды. Тіл, ой шеберлігін талап ететін бұл сынақ қатысушыларға оңайға түспеді. Байқауға ниет білдіргендер ішінде баспасөз қызметіне жауапты мамандар болғандықтан, олардың БАҚ-пен жұмыс жасау қабілетін байқау, үйрету, ақпарат ағымымен жұмыс жасау, жүйелі жазу, ойын жеткізу, адамдармен сөйлесе білу қабілетін жетілдіру де басты мақсаттардың бірі болды. Эссе жазу бөлімінде М.Алтыруова, А.Абдрақов тақырыпты жан-жақты аша білсе, Д.Шадаев, Р.Беркінбаевтар Тәуелсіздік тарихына көз жүгірткен.

Мұнан соң сайыстың екінші түрі мәнерлеп оқу кезінде барлық қатысушылар конкурстың



Қызылорда облыстық, аудандық және оған теңестірілген соттардың қызметкерлері арасында «Тәуелсіздік деп соғады жүрегіміз» атты шығармашылық байқау өтті.

# «ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМІЗ»

көркін қыздырды. Тіл тазалығы мен оған қойылатын дикцияны сақтай отырып, бірі өз шығармашылығынан, бірі елге белгілі ақындардың өлеңін нақышына келтіріп орындады. Әсіресе, Г.Берденованың ұлттық нақыштағы киімі мен оны суреттеп беруі, шығармасын мәнерлеп, нақышына жеткізе орындау көрермендерді таңқалдырмай қоймады. Мұндай арулар қатарын Т.Алтынбаева мен М.Алтыруова да толықтырып, мәнерлеп оқуда өз дайындықтарының жоғары екендіктерін көрсетті. Р.Беркінбаев өз шығармашылығынан сыр шертсе, Д.Смайлов «Қабірден хат» шығармасын орындап берді.

Байқауда кіл мықтыдан, кім мықтыны анықтау оңайға соқпады. Қазылар құрамы ұзақ кеңесе келе бірінші орынға Азат Әбдіразақов лайық деп тапты. Екінші орын сәні мен салтанаты жарасқан, мақамы ерекше Гүлбану Берденоваға бұйырса, үшінші орынды әр сөзі жұмыр тастай салмақты Рүстембек Беркінбаев алды. Жемімпаздарға арнайы диплом мен естелік сыйлықтар берілді.

Сонымен қатар комиссия шешімімен Малика Алтыруоваға, Таңшолпан Алтынбаеваға, Алтынай Молдашқа ерекше белсенділігі үшін ынталандыру сыйлықтары табысталды. Жарыс соңында әділ қазылар ұйымдастырушыларға, қатысушы мамандарға ыстық ықыластарын білдіріп, қызметте абырой, шығармашылық табыстар тілеп, жастарға ағалық ақыл-кеңестерін айтты.

**Қызылорда облыстық сотының  
баспасөз қызметі**

**Жақында Атырау облысы  
соттарының 2021 жыл-  
дың 9 айында атқарған жұмы-  
сын қорытындылау мақсатында  
онлайн брифинг өтті.**



Атырау облысы соттарының 2021 жылдың 9 айында атқарған жұмысын қорытындылау мақсатында онлайн брифинг өтті.

# ТАТУЛАСТЫРУ СЕНІМДІ НЫҒАЙТАДЫ

Оған облыстық соттың азаматтық істер жөніндегі сот алқасының төрағасы Манат Комиршинов, облыстық сот судьясы Гүлмира Даулетова, Атырау облысының әкімшілік істер жөніндегі сот алқасы төрағасының міндетін атқарушы Сағат Хасан спикер ретінде қатысты.

М.Комиршинов облыс соттарының азаматтық істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру сапасының жақсарғанын, бірінші саты соттарына келіп түсетін азаматтық істер санының азайғанын, сондай-ақ облыс соттарымен татуластыру рәсімдерін қолданумен қаралатын азаматтық істер санының артқанын айтты. Статистикалық мәліметтерге сәйкес, 2021 жылдың 9 айында облыстық сотта 8 168 азаматтық іс аяқталып, оның ішінде 1 340 азаматтық іс татуластыру рәсімімен шешілген.

«Татуластыру рәсімдерімен қаралған істердің көбеюі қоғам

тарапынан соттарға деген сенім деңгейін көрсетеді», – деп толықтырды М.Комиршинов. Сонымен қатар, спикер тыңдаушылардың назарына жаңа әкімшілік соттың ашылуымен кейбір санаттағы даулар әкімшілік сотта қаралатынын жеткізді.

Одан әрі судья Г.Даулетова қылмыстық және әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер бойынша сот төрелігін жүзеге асыру қорытындысымен таныстырды. Оның айтуынша, келіп түскен және аяқталған, сондай-ақ қысқартылған қылмыстық істер, теріс қылықтар саны азайып, электронды істер мен ақтау үкімдерінің саны артқан. Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы қаралған істер және медиацияны қолданумен аяқталған істердің саны артқан. 2021 жылдың 9 айында үкім шығарумен 793 тұлғаға қатысты 653 іс қаралып, оның ішінде 778 тұлға сотталып, 15 тұлға

ақталған. Облыс соттарымен 8 238 әкімшілік құқық бұзушылық туралы істер қаралып, медиацияны қолданумен 451 іс аяқталған.

Брифинг барысында С.Хасан әкімшілік сот пен әкімшілік істер жөніндегі сот алқасының жұмысына тоқталып, 2021 жылғы 1 шілде мен 1 қазан аралығында қаралған әкімшілік істер бойынша хабар берді. Статистикалық мәліметтерге сәйкес көрсетілген кезеңде әкімшілік сотта шешім шығарумен 35 әкімшілік іс қаралып, оның ішінде 12 іс бойынша дау медиациялық келісіммен шешілген. Әкімшілік істер жөніндегі сот алқасымен 12 іс қаралып, 2 іс бойынша бірінші сатыдағы сот шешімінің күші жойылып, 1 іс бойынша шешім өзгертілді.

Брифинг барысында спикерлер барлық сұраққа толымды жауап берді.

**Атырау облыстық сотының  
баспасөз қызметі**

түзетулер енгізуге сұраным жолдауға мүмкіндік береді. Сонымен бірге, жер салығы, мүлік салығы және көлік салығы бойынша алдағы төлемдерді, аталған салықтар берешегін, сондай-ақ, жұмыскердің еңбекақысын төлеу бойынша мәліметтерін қарауға мүмкіндік бар.

«e-Salyq Azamat» қосымшасына тіркелу онлайн-режимінде мемлекеттік кірістер органдарына бармай өтеді. Жылдың басынан пайдаланушылар саны 100 мыңнан 741 мыңға дейін өсіп, 7,4 есе жоғарылады. Бүгінгі күні: • жалпыға бірдей декларациялау шеңберінде 319 мың немесе 62,4% декларация «e-Salyq Azamat» қосымшасы арқылы тапсырылды; • 103 мың пайдаланушымен әмиян толтырылды; • 26 мың пайдаланушымен автоесептеу жасалды; • 19 мың пайдаланушы артық төлеуді қолданды. Тегін «e-Salyq Azamat» қосымшасын «App Store» и «Play Market» арқылы жүктеуге болатынын естеріңізге саламыз.

**Индира ШОЙЫНБАЕВА,  
Алмалы ауданы бойынша МКБ бас маманы  
АЛМАТЫ ҚАЛАСЫ**



## БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

АРЗАН СОТ  
ТӨРЕЛІГІ  
МЕМЛЕКЕТКЕ  
ҚЫМБАТҚА  
ТҮСЕДІ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Расында да, судья тәуелсіздігін қамтамасыз етудің маңызды факторларының бірі оның тек жұмыс істеп жүрген кезінде ғана емес, отставкаға кеткеннен кейінгі кездегі материалдық тұрғыдан қамтамасыз етілуімен байланысты болып табылады. Отставкаға кеткен судьялардың зейнетақысы 109 айлық есептік көрсеткішпен шектелді. Мұның зардабын, әсіресе, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьялары тартты. Қызмет етіп жүрген судьялармен салыстырғандағы айырмашылық 80 пайызға жакын. Салыстырмалы түрде айтар болсақ, кеңес дәуірінен кейінгі басқа елдердің судьялары зейнетақыларын тиісті деңгейдегі судьяның лауазымдық жалақысының 80-90 пайызы көлемінде алып отыр. Аудандық және қалалық сот судьяларының жалақылары 109 АЕК-тен сәл жоғары, сонда отставкаға кеткен аудандық сот судьясының алатын зейнетақысы лауазымдық жалақысының 90 пайызын құрайды, ал сот жүйесінде 20 жылдан астам еңбек еткен Жоғарғы Соттың отставкадағы судьясы да аудандық деңгейдегі әріптесімен бірдей зейнетақы алады.

Мұндай 109 АЕК көлеміндегі шектеу басқа құқық қорғау органдарының қызметкерлерінде де бар, бірақ олардың алатын зейнетақы мөлшері еңбек өтілі, шені, тағы басқа жеңілдіктерін қоса есептегенде отставкадағы судьяның зейнетақысынан айтарлықтай артық. Барлық экономикалық және математикалық есептеулерге сүйенсек, судьяларға арналған 109 АЕК көлеміндегі шектеуді алып тастау бюджетке сонша шығын келтірмейді. Мұндай өзгеріс енгізілген жағдайда аудандық сот судьялары үшін ешқандай шығын шықпайды, облыстық деңгейдегі судьялар үшін бұл шығынның көлемі аса көп емес, ал Жоғарғы Соттың отставкадағы 41 судьясы үшін жұмсалатын қосымша қаржы ел қоржынына айтарлықтай салмақ салмайтыны анық. Сондықтан республика судьяларының барлығы судьялар зейнетақысын 109 АЕК-пен шектеуді алып тастау жөніндегі ұсынысты бірауыздан қолдайды.

Бұл мәселенің тағы бір маңызды қырын атап өткен жөн. Кадр таңдаудағы жіберілген қателіктердің және кәсіби біліктіліктің төмен болуы салдарынан қазіргі таңда жиі орын алып жүрген сот жүйесіндегі сыбайластық фактілері, әділетсіз сот актілерінің шығарылуы қоғамның наразылығын тудырып жүргені жасырын емес. Съезд материалдарында судьяның кәсіби біліктілік деңгейін көтеруге де назар аударылған. Зейнетақы мөлшерін көтеру мәселесі шешімін тапқан жағдайда, тәжірибелі судьялар, әсіресе, Жоғарғы Соттың отставкадағы судьялары, қызмет етіп жүрген судьяларға, соның ішінде бұл лауазымға жаңадан тағайындалған жас әріптестеріне білген-түйгенін үйретуге

дайын және мұның оң нәтиже берері анық. Алыс және жақын шетелдің тәжірибесіне көз салсақ, мұндай жұмысқа отставкадағы судьялар кеңінен тартылады. Ал Қазақстан шын мәнінде қолда бар әлеуетін пайдалана алмай отыр, сондықтан да соттарға деген сенімсіздік туралы қарсы электорат тарапынан да, бұқаралық ақпарат құралдарында да жиі айтылып та, жазылып та жүр.

Егер күн сайын мемлекет атынан сот төрелігін жүргізіп отырған судья өз мүдделерінің мемлекет тарапынан сенімді қорғалатынына, оның қиындығы мол қызметі еңбек етіп жүрген кезінде де, отставкаға кеткеннен кейін де жоғары мәртебеге лайық материалдық тұрғыда қамтамасыз етілеріне сенімді болса, әрбір судья өзінің шалыс басқан қадамы үшін немесе сот төрелігін жүзеге асыру барысында заң бұзушылыққа жол бергені үшін қандай мүмкіндіктен айырылатыны туралы терең ойланған болар еді.

Қазіргі таңда «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Парламент Мәжілісінің жұмыс тобында талқылану үстінде. Заң жобасында 109 АЕК-ке дейінгі шектеуді алып тастау мәселесі күн тәртібіне қойылған. Заң

**Қазіргі таңда «Сот жүйесі және судьялар мәртебесі» туралы конституциялық заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы Парламент Мәжілісінің жұмыс тобында талқылану үстінде. Заң жобасында 109 АЕК-ке дейінгі шектеуді алып тастау мәселесі күн тәртібіне қойылған. Заң жобасының осы бөлігі қорытынды шешім қабылдау үшін республикалық бюджеттік комиссияға жіберілген. Егер 2022 жылдан бастап сот жүйесін күтіп ұстауға бағытталған қаржы көлемі ұлғаятын болса және Жоғарғы Соттың пікірінше, отставкадағы судьяларға төленетін қаржы жеткілікті болса, мұндай қорытынды алудың қандай қажеті бар?**

жобасының осы бөлігі қорытынды шешім қабылдау үшін республикалық бюджеттік комиссияға жіберілген. Егер 2022 жылдан бастап сот жүйесін күтіп ұстауға бағытталған қаржы көлемі ұлғаятын болса және Жоғарғы Соттың пікірінше, отставкадағы судьяларға төленетін қаржы жеткілікті болса, мұндай қорытынды алудың қандай қажеті бар? Тиісінше, республикалық бюджетке қосымша салмақ түспейді. Біздің ойымызша, сот жүйесін қаржыландырудың ұлғаяуы осы мәселенің оң шешімі болып табылатындықтан, оны бюджеттік комиссияның қарауына шығарудың қажеті жоқ.

Біздің қоғамдық бірлестіктің судьялары заңның 35-бабына өзгеріс енгізу туралы жобаны ұсынып қойды. Ол бойынша отставкадағы судьяларға қанша пайыз төлеу туралы талап мүлдем

алынып тасталуы тиіс, ал Жоғарғы Соттың Пленарлық отырысының ұсынысы бойынша ай сайынғы өмір бойы күтіп-бағуға арналған төлемнің тәртібін, шарттары мен көлемін ҚР Үкіметі белгілейтін болады.

Осылайша, сот жүйесіндегі еңбек өтілін ескере отырып, отставкадағы судьялардың әрқайсысына ай сайын төленетін өмір бойғы төлем жекелей қарастырылып белгіленетін болады. Ең бастысы, бұл төлемді сот жүйесінің өзі анықтайды және бұл биліктің бір тармағы болып табылатын сот тәуелсіздігінің конституциялық принципі жүзеге асырудың дәлелі болмақ.

Сондай-ақ, заң жобасында судьяның уақытша болмаған кезеңінде сот төрелігін жүргізуге отставкадағы судьяның алты айдан аспайтын мерзімге тартылуы туралы айтылған. Біз мерзімді көрсету артық деп есептейміз. Отставкадағы судья судьяның міндетін оның болмаған уақытында толық атқарып шыға алады, ал мерзімді көрсету оны жоғары басшылыққа тәуелді етеді.

Қолданыстағы заң бойынша судья отставкаға зейнеткерлік жасқа жеткен соң кетеді, алайда бұл мерзім 65 жасқа, тіпті кейбір жағдайда 70 жасқа дейін ұзартылуы мүмкін. Тәжірибе көрсеткендей, бұл ұзарту басшылықтың еркінде, кейбір судьяларға ұзартылды, ал кейбіреулеріне еш себепсіз ұзартылмады. Бұл жағдай судьялар корпусының арасында түсінбеушілік туғызды, ал 70 жасқа дейін ешкімге де ұзартылмады, яғни, заң қабылданғанмен, жүзеге асырылмай отыр. Әлемнің дамыған елдерінде лауазымында қалуды немесе отставкаға кетуді судьяның өзі шешеді. Біз лауазымда қалудың шекті жасы заңда көрсетілгендіктен, ұзартуды алып тастап, зейнеткерлік жасқа жеткен соң, әрі қарай жұмыс істеуді жалғастыру немесе отставкаға кету мәселесін шешуді судьяның өзіне қалдырған жөн деп есептейміз.

Бұдан бөлек, аталған заңның кері күші болуы тиіс, өйткені судьялардың бір бөлігі отставкаға лайықты зейнетақымен кететін болса, бұл өзгеріс енгізілгенге дейін отставкаға кеткендерге мұндай құқық берілмейді.

Республиканың барлық судьяларынан өзіміз үшін аса маңызды мәселені талқылауға белсене қатысуларын

## ТҮЙТКІЛ

АУЫЛ ХАЛҚЫ  
ИГІЛІККЕ  
ҚАШАН ЖЕТЕДІ?

(Соңы. Басы 1-бетте)

Ал ғылым мен техника дәуірі саналатын ХХІ ғасырда өзге тұрмақ Алматының іргесіндегі Талғар мен Қаскелеңнің әлі күнге дейін орта-

лықтандырылған ауыз су мен кәріз құбырлары желісімен тұрғындарды 100 пайыз қамтамасыз ете алмауы 2030 жылға дейін – 50, ал 2050 жылға дейін әлемнің озық – 30 елінің қатарына қосылуды алдына мақсат етіп қойған елдің атына сын болуы тиіс.

## Сіз не дейсіз?

Айсулу  
ТҮРСЫНБАЙҚЫЗЫ,  
ҚР Ғылым комитеті,  
Экономика  
институтының  
ғылыми қызметкері,  
әлеуметтанушы:

– Ауыл мен қала теңсіздігін айтқанда ең алдымен білім берудегі айырмашылықтан бастаған жөн. Отбасылардың ақшалай кірісінің көлемі қалаға қарағанда ауылда 2 есеге төмен. Мәселен, 2020 жылдың алғашқы тоқсанында қала халқының кірісі 201 300 теңгені, ал ауылдағы отбасылардың орташа табыс көлемі 143 300 теңгені құрады. Оның басым бөлігі әлеуметтік жәрдемақы екенін ескеру керек. Әсіресе, кіріс көлемі Түркістан, Жамбыл, Қызылорда облыстарында төмен. Сонымен қатар, Қазақстанда 4 және одан көп балалы отбасылардың 90%-ның күнкөрісі төмен немесе көейлік шегінде. Мұндай отбасылардағы балалар үшін мектепке форма, дәптер, қаламын алып, сабаққа қатысудың өзі максималды мүмкіндікке жатады. Олардың қосымша білім алып, үйірмелерге қатысуына, қосымша дағдысын дамытуға мүмкіндігі жоқ. Сондықтан: 1) ауыл мектептерінде ұйымдастырылатын қосымша білім беру, тіл үйрену, тұлғалық дамыту, барлығы ақысыз бюджет есебінен болуы керек. Сонымен қатар, олардың номиналды емес, сапалы болуын барынша қамтамасыз еткен жөн. 2) Ауыл балаларының бос уақытын ұйымдастыру мектеп базасында жүзеге асырылуы тиіс, себебі, ауылды жерде басқа инфрақұрылым, кадрлық мүмкіндік жоқ немесе мектеп пен ауыл әкімдігі мен мәдениет үйлерінде ұйымдастырылуы қажет. Ал мұғалімдер мен жасатықтырушы, шебер, т.б. еңбектері облыстағы орташа жалақы көлемінен төмен емес деңгейде төленуі қажет. Бұл бір жағы білікті кадрлардың аудан, облыс орталықтарына кетпеуіне жағдай жасайды. 3) Отбасылардағы бала санына қарай (4 және одан да көп балалары бар) отбасылардың балалары мектепке қажетті құрал т.б., ыстық тамақпен толық қамтамасыз етілуі керек, бұл иара жүйелі сипатта жүзеге асырылуы тиіс. 4) Ауыл мектептерінде инклюзивті білім алу бағдарламасын дамыту керек, айрықша күтімді қажет ететін балалардың қала жағдайында мүмкіндіктері көбірек. Ал ауылдағы мұндай балалар игіліктен құр қалған. Ауылдық округтер деңгейінде мұндай балалардың саны анықталып, созан орай қосымша білім беру ұйымдастырылатын әлеуметтік бейімдеу орталықтарын ашу керек. 5) Толық емес отбасылардағы балалар, девиантты мінез-құлыққа бейім, сабақ үлгерімі нашар балалармен қосымша әлеуметтік-психологиялық жұмыс кешенді жүргізілуі керек. Олардың басқа да қабілетін ашып, тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін әр ауыл мектебінде инфрақұрылымдық мүмкіндік болуы керек. 6) Ауыл мектептеріндегі балалар денсаулығы да айрықша назарда болуы тиіс, себебі сапалы білім алу – бұл баланың саулығымен тікелей байланысты. Бұл тек ауыл мен қала мектебіндегі әлеуметтік айырмашылық. Өзге салаларда шешілмеген мәселе бұдан аз дей алмаймыз.

Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ,  
«Заң газеті»

## АРДАГЕР СУДЬЯЛАРДЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫСЫН КӨТЕРГЕН ЖӨН БЕ?

Айжан МОЛБАЕВА, Маңғыстау облыстық сотының судьясы:

– Қызмет көрсету бағасы да, тауар бағасы да өсті. Тіпті, күнделікті тұтынатын азық-түліктен бастап, жүріп-тұру шығындарының өзі үздіксіз қымбаттауда. Сондықтан тек судьялар ғана емес, жалпы халықтың жалақысы, зейнетақысы, жәрдемақысы елдегі қымбатшылыққа байланысты өзгеріп отыруы қажет деп санаймын. Сонымен қатар, айлық есептік көрсеткіш мөлшерін экономистер әрдайым есептеп отыруы керек қой.



(Соңы. Басы 1-бетте)

Парламентте ардагер судьялардың зейнетақысын көтеруге қатысты заң жобасының қаралып жатқанын білмесем де, республикалық бюджеттен мемлекеттік мекемелерге бөлінетін қаржы көлемі 6-6,5 пайызға көтеріліп жатыр дегенді бұрыннан естіп жүрмін.

Жалпы, судьяның болсын, басқа да мамандық иелерінің болсын зейнетақысын көзді жұмып көтере сал деуге болмайды. Мұның бәрі есептеліп, жүйелі түрде қарастырылып, әділетті түрде шешілуі керек деп санаймын.

Жанділдә ЖАҚЫПОВ, Халықаралық құқық қорғау орталығының төрағасы:

– Зейнетақы көтерілген жағдайда судьялар зейнетке шыққан соң жұмыс іздеп әуре болмайды. Қазір судьялықтан кейін қорғаушы болып, медиатор болып напақасын тауып жүрген азаматтар аз емес. Мұндай қадам сондай-ақ елдегі жемқорлық тәуекелін де азайтады деп санаймын өз басым.

Ардагерлер зейнетақысы күнкөрісіне жеткілікті болған жағдайда қайтадан соттардың жұмысына араласпайды. Оған біріншіден, уақытын жұмсамайды. Екіншіден, бұрын судья болған деген артық ауыз әңгімелер болмайды. Бұл соттың, судьяның абыройын көтеруге де өз ықпалын тигізеді.

Жалпы, судья болу оңай нәрсе емес. Олар өз қызметінде моральдық, психологиялық және тағы басқа да жағдайларды басынан көп өткізеді. Кейбіреуі одан кейін өзінің денсаулығын да жоғалтып жатады. Сондықтан қазылар бейнетінің рахатын көріп, зейнетке шыққан соң өзінің өмірін ешнәрсеге алаңдамай өткізу керек деп ойлаймын. Бұған олар әбден лайық.



Сауалнаманы дайындаған Ерлік ЕРЖАНҰЛЫ, «Заң газеті»



✎ ПІКІР

«ТӘРТІПКЕ БАҒЫНҒАН ҚҰЛ БОЛМАЙДЫ...»

ҚР Конституциясында «Мемлекетіміздің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп басталады.

Жүргізушінің көлікті басқаруда жылдамдықты шектен тыс арттыруынан немесе масаң күйінде көлік құралын басқару салдарынан көптеген жол-көлік оқиғалары болып жатады. Мұндай апат салдарынан жылына қаншама адам көз жұмып, орны толмас қазаға ұшыраса, аман қалғандарының өзі мүгедектік жапсырып, әртүрлі ауру жамайды. Статистикалық деректер соңғы жылдары жол жүру ережелеріне қатысты талап күшейтіліп, қатаңдатылса да осы санатқа жататын қылмыстық істердің азаймай отырғанын көрсетуде.

ҚР Қылмыстық кодексінің 346-бабы бойынша (көлік құралдарын басқару құқығынан айырылған және алкогольдік, есірткілік және уытқұмарлық масаң күйдегі адамның көлік құралын басқаруы сол сияқты көлік құралын басқаруды осындай адамға беру немесе көлік құралын осындай адамның басқаруына жол беру) Сырдария аудандық сотына 2020 жылдың 10 айында 3 қылмыстық іс түсіп, 2 іс үкім шығару арқылы аяқталып, 1 іс соттылығы бойынша қарау үшін басқа сотқа жолданған.

Өткен жылмен салыстырғанда аталған санатта түскен қылмыстық істердің саны артқанын байқауға болады. Жыл басынан бүгінгі күнге дейін аудандық сотқа 4 қылмыстық іс түсіп, 2 іс үкім шығару арқылы аяқталып, 2 іс соттылығы бойынша жолданған.



Мысал ретінде атап өтетін болсақ, Сырдария аудандық сотында ҚК-нің 346-бабының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасаған азамат В.-ға қатысты қылмыстық іс қаралды. Сотта анықталғандай азамат В. Жалағаш аудандық сотының 2021 жылғы 27 сәуірдегі қаулысымен Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодекстің 608-бабының 1-бөлігімен кінәлі деп танылып, жеті жыл мерзімге көлік құралын басқару құқығынан айырылғанына қарамастан «ауыр» дәрежедегі алкогольдік масаң күйінде көлік құралын басқарған. Соттың үкімімен сотталушы В. ҚК-нің 346-ба-

бының 1-бөлігінде көзделген қылмыстық құқықбұзушылықты жасағаны үшін кінәлі деп танылып, оған осы бап бойынша өмір бойына көлік құралын басқару құқығынан айыра отырып, 6 ай мерзімге бас бостандығынан айыру жазасы тағайындалған.

Бауыржан Момышұлы атамыз айтқандай, «Тәртіпсіз ел болмайды, тәртіпке бағынған құл болмайды» – заң талабына бағыну әрбір азаматтың парызы.

**Руслан АЛДАМБЕРГЕНОВ,**  
**Қызылорда облысы**  
**Сырдария аудандық сотының**  
**төрағасы**

✎ ПАЙЫМ

АТА-АНА ҚАМҚОРЛЫҒЫН ЕШТЕҢЕ  
АЛМАСТЫРА АЛМАЙДЫ

Алименттің анықтамалығы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» кодексіне сәйкес, бір адамның басқа оны алуға құқығы бар адамға ұсынуы, міндетті ақшалай немесе материалдық асырауы деп көрсетілген. Оның ішінде баланы асырауға төленетін төлемдер ең көп таралғаны, әрі үнемі даулы мәселелер тудыратыны да осы. Алименттер балалардың анасына және өздерін асырай алмайтын зайыбына және ата-анасына төлеуі мүмкін – делінеді заңда. Алайда, отбасылық жұптар арасында осы мәселеге қатысты тартыс көп.

Баланы асырау – ата-анасының заңмен бекітілген міндеті, бұл жерде ата-анасының некеде болуы, азаматтық некеде немесе ажырасқан болуы да мүлде маңызды емес.

Қамқорлықта, қорғаншылықта немесе патронаттық тәрбиеде болатын балалар, сондай-ақ, асырап алынған балалар да алиментке құқылы. «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» туралы кодекстің 6-бабына сәйкес, балаға алимент ретінде тиісті сома баланың ата-анасына немесе басқа занды өкілдеріне түседі және баланы асырауға, біліміне және тәрбиесіне шығындалады.

Кәмелетке толмаған балаларға алименттер ата-аналары кәмелетке толмаған өз балаларын асырауға міндетті, осы асыраудың тәртібі мен нысанын ата-аналардың өздері анықтайды.

Ата-аналары кәмелетке толмаған балалар туралы «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» кодексінің 20-бөліміне сәйкес, келісім жасауға құқылы (алименттерді төлеу туралы келісім). Егер ата-анасы балаларын асырауға ақша ұсынбаса, бұл сотта келісіммен немесе ата-аналардың бірі алименттерді төлетуге сотқа талап бермесе, онда талапты қорғаншылық және қамқоршылық органына бере алады. Некені бұзуда сотта келісім қаралады: кәмелетке толмаған балалардың кіммен тұратыны туралы; балаларды немесе еңбекке жарамсыз зайыбын асырауға алименттерді төлеу

тәртібі туралы; балаларды асырауға алименттердің мөлшерлері туралы; мүлікті бөлу туралы (ажырасуда кімнің неге құқылы екенін біліңіз).

Егер осындай келісім ерлі-зайыптылар арасында болмаса немесе ол балалардың, ерлі-зайыптылардың бірінің мүдделеріне қайшы келсе, онда осы мәселелер бойынша шешімді сот анықтайды. Ата-ана құқығынан айырылған ата-аналар сондай-ақ баланы асырауға «Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы» кодексінің 79-бабына сәйкес алимент төлеуге міндетті. Келісім негізінде алимент төлеудің – ерікті тәсілі және сот бұйрығы бойынша, берілген талап-арыз негізінде – мәжбүрлі (төменде мақаладан сіз алименттерді қалай төлеу керектігі туралы ақпаратты табасыз) тәсілдері болады.

Алименттерден басқа ата-аналардан балаларды асырауға қосымша сомалар да шегерілуі мүмкін. Ерекше жағдайлар да бар – ауыр аурулар, кәмелетке толмаған балалардың мертігуі немесе егер оларға бөгденің күтімі керек болса, кәмелетке толғандардың еңбекке жарамсыздығы.

Кәмелетке толмаған балаларға алименттерді өндіріп алу туралы талап қоюға құқылы адамдар мыналар: балалармен бірге тұратын ата-анасының бірі; баланың қорғаншысы (қамқоршысы), патронат тәрбиеші; баланы қабылдайтын ата-аналар; жетім балалар; ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балалар ұйымдарының басшылары; қорғаншылық немесе қамқоршылық жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын орган.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын күтіп-бағуға міндетті. Кәмелетке толмаған балаларды күтіп-бағудың тәртібі мен нысанын дербес айқындайды.

Ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларын, сондай-ақ, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары

білім беру жүйесінде оқитын кәмелетке толған балаларын күтіп-бағу туралы келісім (алимент төлеу туралы келісім) жасасуға құқылы, егер ата-аналар өздерінің кәмелетке толмаған балаларына, сондай-ақ жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру жүйесінде, күндізгі оқу нысаны бойынша жоғары білім беру жүйесінде оқитын жиырма бір жасқа дейінгі кәмелетке толмаған балаларына күтіп-бағу қаражатын ерікті түрде бермеген жағдайда, бұл қаражат олардан сот тәртібімен өндіріп алынады.

«Неке (ерлі-зайыптылық) және отбасы туралы» кодекстің 139-бабына сәйкес, алимент төлеу туралы келісім болмаған кезде сот кәмелетке толмаған балаларға олардың ата-аналарынан алиментті ай сайын мынадай мөлшерде: бір балаға – ата-анасы табысының және (немесе) өзге де кірісінің – төрттен бір бөлігін; екі балаға – үштен бір бөлігін; үш және одан да көп балаға тең жартысын өндіріп алады. Бұл үлестердің мөлшерін сот тараптардың материалдық немесе отбасылық жағдайларын және назар аударарлық өзге де мән-жайларды ескере отырып, кемітуі немесе көбейтуі мүмкін.

Егер алимент төлеуге міндетті адам жұмыс істемейтін болса немесе оның жалақысы мен өзге де кірісін растайтын құжаттар ұсынылмаса, ай сайынғы төлемдер және алимент бойынша берешек сол берешекті өндіріп алу кезіндегі Қазақстандағы орташа айлық жалақының мөлшері негізге алына отырып айқындалады.

Сот әрбір нақты жағдайда осы жайттардың бәрін де ескереді. Заңда, сонымен қатар ерекше жағдайлар туындаған кезде ата-аналардың балаларды асырап-бағуға қосымша шығындар жасауға қатысу міндеттері де белгіленген. Мысалы, балалардың ауыр науқасы, шипажайлық ем қажеттігі және басқаларға қатысты, олар еңбекке жарамсыз және көмекке мұқтаж болған жағдайда алименттерді сақтау мүмкіндігін де қарастырады.

Ата-аналардың кәмелетке толмаған балаларға қатысты алименттік міндеті балалар кәмелетке толғанда тоқтатылады. Алайда заң кәмелетке толған балаларға қатысты, олар еңбекке жарамсыз және көмекке мұқтаж болған жағдайда алименттерді сақтау мүмкіндігін де қарастырады.

**Мереке КУНАЕВ,**  
**Ақтөбе облысы Мұғалжар**  
**ауданы №2 сотының**  
**аға сот приставы**

✎ АҚПАРАТТЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАР

СОТ АШЫҚТЫҒЫ МЕН  
ҚОЛЖЕТІМДІЛІГІ

«100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру шеңберінде республика соттарында елеулі өзгерістер болып жатыр. Бұл жаңашылдықтар істерді қарау уақытын қысқартады және соттардың ашықтығы мен қолжетімділігіне оң әсер етеді.

Сот төрелігіне қол жеткізу тетігін оңайлату және жедел жұмысты қамтамасыз ету, сондай-ақ азаматтардың электрондық сот ісін жүргізуге қашықтықтан қатысуы мақсатында Жоғарғы Соттың ресми сайтында «Сот кабинеті» сервисі іске асырылды. Сервисті пайдалану үшін сот ісін жүргізуге қатысушы электрондық цифрлық қолтаңбаны алып, тіркеу рәсімінен өтуі қажет. Тіркелген тұлға өзіне ыңғайлы кез келген уақытта үйден, кеңседен шықпай-ақ ғаламтор желісі арқылы өтініш пен арызды электрондық түрде жібере алады, мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлей алады, сот құжаттарын қарап, сондай-ақ, іс бойынша барлық тарихты көре алады, сот актісін басып шығара алады.

Заманауи технологияларды мемлекеттік және мемлекеттік емес органдардың, ең бастысы, халықтың қолдануы сот ісін жеңілдетеді, азаматтардың уақыты мен қаражатын үнемдейді. Сот жүйесі үшін сервис істерді қарауды автоматтандырады және оңтайландырады, ақпараттық технологияларды әзірлейді және бюджет қаражатын үнемдейді. Іске қатысатын адамдарға ыңғайлы болу үшін «Сот кабинеті» сервисінде «Электрондық сенімхат», «Сыртқы бағалау», «Талап арыздарды жолдау» және «Азаматтық істерді жіберу» сияқты қызметтер қосылды.

ҚР Жоғарғы Соты жанындағы соттардың қызметін қамтамасыз ету департаменті «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне құқық қорғау қызметінің процестік негіздерін жаңғырту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңның ережелерін іске асыру мақсатында қылмыстық өндірісті цифрландыру бойынша жұмыстар жүргізуде. Бұған дейін Жоғарғы Сот төрағасының және басқа да құқық қорғау органдарының бұйрығы негізінде «Электрондық қылмыстық іс» пилоттық жобасы бастау алды.

Қылмыстық істерді қараудың электрондық форматы бұл тергеу мерзімдері мен қаржылық шығындарды қысқартуға, сондай-ақ, материалдарды бұрмалау тәуекелдерін барынша азайтуға мүмкіндік беретін қылмыстық процесті оңтайландырып, сапасын арттыруға бағытталған жаңалық. Электрондық форматқа көшкеннен кейін істер тезірек қаралады, жәбірленуші, сотталушы, сондай-ақ, адвокаттар кез келген уақытта онлайн-режимде қылмыстық істі тергеу және қарау барысымен таныса алады.

Қылмыстық істі электрондық нысанда жүргізу тергеу мерзімдерін қысқартады, қылмыстық іс материалдарымен онлайн-режимде танысуға, дәлелдемелер жинауға мүмкіндік береді, сондай-ақ процестік құжаттарды дайындау және рәсімдеу рәсімін жеңілдетеді. Мәселен, осы жылдың 9 айында Хромтау аудандық сотына түскен 39 қылмыстық істің 32-сі электрондық форматта, ал «Сот кабинеті» сервисі арқылы 1637 кіріс хат-хабарлар тіркелсе, оның 682-сі талап арыздар болып табылады.

Сот жүйесіне ақпараттық технологияларды енгізу халықтың сот төрелігіне қол жеткізу деңгейін айтарлықтай арттыруға мүмкіндік берді. Бұл өз кезегінде жаңашылдыққа халықтың сенімін арттырады.

**М.АЙТЕНОВА,**  
**Хромтау аудандық сотының бас маманы**  
**АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ**

✎ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ

ПАРЫЗ БЕН ҚАРЫЗ



**Мемлекеттік қызмет атқару қоғам алдындағы парыз. Бұл міндетте мемлекеттік қызметшілердің моральдық-әдептілік бейнесіне жоғары талаптар қойылады. Қоғамның дамуы мен мемлекеттің өркендеуіне мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жұмсайды. Және әрбір қызметкер өзінің Отаны – Қазақстан Республикасына қалтқысыз әрі адал қызмет етуге тырысады.**

Мемлекеттік қызметші мемлекеттік қызметшілердің беделі мен имиджіне зиян келтіретін әрекеттерге жол бермеуі тиіс. Әлем мемлекеттік қызметтің озық үлгісін ондағы мамандарының деңгейімен бағалайды. Сондықтан бұл қызметке аяқ басқан әрбір маман өзінің білімділігін, алғырлығын, жан жақтылығын жұмыс барысында, адамдармен қарым қатынаста көрсетуге тиіс.

Мемлекеттік қызмет қашанда мінсіз болуы тиіс. Себебі, елдің ертеңі соларға байланысты. Бір сөзбен айтқанда, олар билік пен қарапайым халық арасын жалғайтын алтын көпірге айналуы тиіс.

Біз өз қызметімізде іскерлік этикеттің негізгі қағидаларын ұстануымыз, жұмыста тәртіпке бағыныштылықты көрсетуіміз, киімде іскерлік үлгіні сақтауымыз, жақсы мінез-құлық көрсетуіміз, әріптестер мен азаматтарға ізгі ниетпен және құрметпен қарауымыз қажет. Іскерлік этикетті сақтау өз функционалдық міндеттерімізді тиімді орындауға, сондай-ақ, мемлекеттік қызметшінің ұнамды бейнесін қалыптастыруға мүмкіндік туғызатындығын есте сақтауымыз керек. Әлеуметтік желілерді қолдануда бізге әділ, кәсіби, жауапты болуымыз және халпыға ортақ моральдық әдеп нормаларын сақтау маңызды.

Мемлекеттік қызметшінің беделін бағалап, әдеп қағидаттарын сақтап және мемлекеттік қызметтерді сапалы әрі кәсіби көрсетіп, қызмет алушыларға құрметпен және ізгі ниетпен қарау әр маманның парызы. Қоғамның дамуы үшін мемлекеттік қызметші өзінің барлық күш-жігерін, білімі мен тәжірибесін жұмсайды. Жұмыс және жұмыстан тыс уақытта да мемлекеттік қызметші беделін түсіретін немесе қоғам тарапынан сын тудыратын ситуациялардан өзін алшақ ұстауға тырысады.

Мемлекеттік қызметшілер қызметтік жағдайларын және онымен байланысты мүмкіндіктерді қоғамдық және діни бірлестіктердің, басқа да коммерциялық емес ұйымдардың мүдделеріне, оның ішінде өзінің оларға көзқарасын насихаттау үшін пайдаланбауға тиіс.

Мемлекеттік қызметші болу, бұл адамдармен тең қарым-қатынаста болу, кез келген жағдайдан жол таба білу, өз сезімін, эмоцияларын басқара білу болып табылады.

**Б.ЛИЗЕНОВ,**  
**Қызылорда қаласы мамандандырылған тергеу сотының**  
**бас маман, аға сот приставы**





(Соңы. Басы 1-бетте)

Бірақ партияның сайлауалды пленумы болған кезде ол мұндай қадам жасамайтынын мәлімдеп, фракцияның кез келген мүшесі президенттікке өз кандидатурасын ұсына алатындығын айтты. Пленум мүшелері бір ауыздан «ер адамдарды ұсыну керек, қазақ халқының ділі ер-азаматтың болғанын дұрыс көреді» деді. Шынымды айтсам, бұл сөз менің намысыма тиіп кетті. «Неге тек қана ер адамдар ұсынылу керек, әйелдердің олардан қай жері кем?» деген ой санамды тілгілеп, мен бірден – «Құрметті пленум мүшелері, бұл дұрыс емес, демократиялық елміз, әйелдер де өз кандидатурасын президенттікке ұсынуға құқылы, мен қатысамын сайлауға» деп аяқ асынан шешім қабылдап, өзімнің кандидатурамды ұсындым. Егер тек ерлер ұсынылу керек деген пікір айтылмағанда, мұндай қадамға бармаған болар ма едім. Намыс өз дегенін жасады. Келесі кезең съезд болды. Естеріңізде болса, Nur Otan партиясы бір ғана үміткерді ұсынса, біздің партия тарапынан бес үміткер сайлауға қатысуға бел байлады. Съезд өте қызу пікірталасқа толы болды. Екі бөлімнен тұрған отырыста әркім өзінің бағдарламаларын ұсынды. Нәтижесінде дауысқа түскен кезде мен және Талғат Ерғалиев



Дания ЕСПАЕВА, Парламент Мәжілісінің депутаты:

# «ПРЕЗИДЕНТ САЙЛАУЫНА ӘЙЕЛДЕР НАМЫСЫН ҚОРҒАП ҚАТЫСТЫМ»

деген экс-депутат топ жарып шықты. Екінші кезеңге екеуіміз түсіп, дауыс ашық берілді. Партия мүшелерінің дені маған дауыс берді.

– *Жұртшылық бұған сенді деп ойлайсыз ба?*

– Иә, мұнда менің ел дамуының негізі – экономика саласында, соның ішінде қаржы жүйесінде 36 жыл жұмыс істегенім үлкен рөл атқарды. Жалпы, экономистер бәрін жасаймын, қатырамын деп ауызбен орак оратып популистер емес. Олар нақты жағдайды, мүмкіндікті зерделеп жұмыс істейді. Мұның сыртында депутатпын. 2016 жылдан бері заң шығарушы ұйымында атқарған қызметім менің қабілетімді бағалауға мүмкіндік берді. Азаматтық позиция қандай, депутат ретінде үкіметке қандай сауалдар жасадым, қандай заң жобалары бойынша жұмыс тобында бармын, қандай ұсыныстар қостым, соның бәрі серіктестерімнің көз алдында. Осының бәрі менің кім екенімнің, білім-білігімнің, аты шықпаса жер өртеуге бейіл біреу емес екенімнің картинасы еді. Екіншіден, Қазақстан үшін әйел адамның президенттікке үміткер болуы тосын оқиға болды. Еліміздегі тұрғындардың жартысы әйелдер екендігі, әйелдердің әйелді қорғайтыны белгілі. Өйткені, біз әлеуметтік мәселелерді барынша терең, нақты қозғап, көтере аламыз. Әйел – ана ретінде бірінші кезекте отбасын сақтауға мүдделі. Осы фактор мені қолдауда басты рөл атқарды. Сайлаудың нәтижесі де дұрыс жолда екенімізді көрсетті. Біз үшінші орынды алдық. Бұл бірінші рет президент лауазымына баруға қадам басқан сәттер үшін өте жақсы нәтиже. Бастысы мен осы шешіміммен ары қарай басқа әйелдер үшін жол аштым. Олар енді қандай сайлауда болмасын өздері үшін мүмкіндік барын біледі. Бұл сонымен қатар еліміз үшін де, шығыстық менталитет үшін де ерекше жаңалық болды. Есіңізде ме, АҚШ-та кара нәсілді адамдар президент бола алмайды деген ұғым болушы еді ғой. Барак Обама осы таптарын түсінікті бұзды. Сондықтан алдағы уақытта Қазақстандағы президент лауазымында әйел адам болатынына сенімім зор. Біз демократия жолымен келе жатқандықтан, бұған түптің түбінде жетеміз.

– *Бұл қадам арқылы елге не бермек болдыңыз?*

– Біз бүкіл аймақтарды аралап шығып, қарапайым адамның проблемасын терең түсіндік. Жұртшылық мені әлеуметтік мәселелерді барынша шешеді деп үміттенді. «Ақ жол» партиясы бұған дейін де зейнетке шығу, балалар жәрдемақысына қатысты мәселені көтерген болатын. Көрші Ресейде бірінші бала дүниеге келгеннен бастап ана капиталы бөлінеді. Оның көлемі балалар саны артқан сайын өседі. Яғни, жас отбасыларға мемлекет тарапынан

осылайша материалдық көмек беріледі. Біз Қазақстанда да осындай шара қабылдау қажеттігін айттық. Сонымен қатар, жас отбасылардың ипотекалық қарызының пайыздық өсімін бала туған сайын азайтып отыру жөнінде ұсыныс жасадық. Бұл еліміздегі бала тууды ынталандырып, халықтың санын көтеруге ықпал етер еді. Өкінішке орай, бізде бұл тұрғыдағы пайыздық жеңілдіктер төрт баласы барлар үшін ғана қарастырылған. Төрт бала бірден өмірге келмейді ғой. Сондықтан ер бала туылған сайын пайыздық өсімдер біртіндеп 10 пайыздан бастап 25 пайыз көлемінде азайтылып, төртінші бала дүниеге келгенде толығымен жойылғаны дұрыс.

Жалпы, қаржыгерлер қалтадан шығатын әрбір ақшаның тиімділігін, оның бір күнге емес, болашаққа қызмет етуін ойлап тұрады. Елдегі әлеуметтік мәселені тек қана жәрдемақы көлемін арттырумен шеше алмаймыз. Халықтың әл-ауқатын көтерудің, экономиканы дамытудың тура жолы – бизнестің еркін бәсекесіне мүмкіндік беру. Біз осының жолдарын ұсындық. Егер біз бизнесті көтерсек, халықтың әл-ауқатын да жақсарт аламыз. Сонымен қатар сыбайлас жемқорлықпен күреске маңыз беріп, талант-таражға түскен ақшаны қайтару шарасын күшейту жөнінде мәселе көтердік. Бұл ойымыз халықтың көкейінен шықты. Сондықтан маған халықтың алдына шығу жеңіл болды. Мұның сыртында менің өмірбаяным да үлкен қолдау тапты. Мен қатардағы маманнан бастап, мәңсаптың барлық сатысынан өткен ауылдың қарапайым қызымын, ешқандай жебеушім болмады. Халық қашанда өз арасынан шыққандарды ұнатады ғой. Өмір тарихымды естіген жастар да адам қаласа, қабілеті болса, еңбек етсе, жетістікке жететініне көздері жетіп, маған сенді.

– *Десе де, қазір көп адамдар қабілетіне сай өмір сүре алмайды ғой. Замандастардың арасында біліктілігін көрсететін мүмкіндік таба алмай жүргендер аз емес. Мысалы, сіз айтып отырған жастардың көбі мамандығына сай жұмыс таппай шетел асуды.*

– Бұл әрине, үлкен проблема. Былтыр 400 мың, биылғы жылдың жарты жылында 200 мыңнан астам адам елден кетті. Олардың арасында мамандардың кетіп жатқаны жаныма батады. Олар қажет болмай қалғандықтан кетуде. Жастар ол жақтан өздерінің біліміне сай табыс табаатынына сенімді. Менің құрбымның баласы Назарбаев зияткерлік мектебінде оқиды. Сол баланың айтуынша, оның сыныптастарының бәрі мектепті бітірген соң шетелге кетпек. Қайтқысы келетіндері де аз. Себебі, елімізде өзіне лайықты жұмыс табатынына сенбейді. Шын мәнінде осы мектепке ел бюджетінен қаншама ақша жұмсалып жатыр? Бұл – трагедия. Бізге жастарды жұмысқа орналастыру сая-

сатын қайта қарау керек. Жұмысқа қабылдаудың ашық жүйесі жасалуы тиіс. Бүгінде ол өкінішке орай жабық. Әр ұйым өзіне қажетті мамандарды өздері жасап алған өлшемдермен немесе та- ныс арқылы қабылдайды. Мұны жастар күн сайын көріп жүр. Мың жерден білікті маман болса да мамандығына сай қызметке өзі емес, қабілеті жетпесе де, біліктілігі болмаса да қолдаушысы мықты жанның қабылданатынына көздері әбден жеткен. Сондықтан өз тағдырына өзге елде жол салғысы келеді.

– *Бұл жерде жұмыс берушілердің ел мүддесіне жанашырлығы қажет секілді.*

– Иә, біз ұлт мүддесі жайлы көп айтатын шығармыз, бірақ бұл іспен дәлелденуі керек. Шыны керек шетелге шенеуніктердің балалары да кетіп жатыр. Бұл жерде патриоттық тәрбие ақсап тұр. Патриотизм нақты мысалдармен көрсетілмейді. Мына азамат шетелде жұмыс істей алатын еді, бірақ елге қызмет етейін деп Қазақстанға келді дейтін өнеге жоқ. Осындай мысалдар отбасында, қоғамда жиі айтылып, көрсетілуі керек.

– *Бүгінде жұмыссыздық көп. Жұмысы барының табысы шай-лыққа жетпейді, соның салдарынан несиеге ұрнып жатқандар аз емес. Қазір адамдар азық-түліктің өзін Каспий банкі арқылы қарызға алуда. Несиені төлей алмай да аз мәселе туындаптайды. Банктердің де араны ашылып кеткен сияқты. Тіпті, бөтен әлемде өмір сүріп жатқандар. Неге олар шағын бизнес, ауыл кәсіпкерлігін дамытуда арзан несиелерімен қолдамайды? Тәжірибелі қаржыгер ретінде бұған не дейсіз?*

– Шынында да қазір банк секторында мәселелер өте көп. «Ақ жол» партиясы Ұлттық банктің 9,75 пайыз көлемінде базалық ставкасын тым болмағанда 5 пайызға төмендету туралы талап қойып отыр. Егер осы мәселе шешілсе, екінші деңгейлі банктер бизнеске, тұрғындарға беретін несие өсімін 8 пайыздан асырмас еді. Қазіргі таңда олар Ұлттық банктің 9,75 пайыз базалық ставкасына өздерінің үстемесін қосып, ақырында несиенің бизнеске арналған жылдық өсімін 14-16 пайызға жеткізген. Өндіріс дамып, ішкі нарық халық тұтынатын тауарға толуы үшін оларға берілетін несие өсімі 10 пайыздан артпау керек. Банк депозитпен елден жинап алған ақшаны экономиканы қаржыландыру үшін бөлуі керек. Яғни, нақты секторды, бизнесті несиелеуі тиіс. Бүгінгі таңда Ұлттық банк 35 триллион теңгенің тек 20 пайызын бизнеске бағыттап, 26 пайызын тұтыну несиесіне жіберіп отыр. Неге? Өйткені, бұл бизнеске берілген қарызға қарағанда мол табыс әкеледі. Қалған ақшаны, яғни, 43 пайыздан артығын Ұлттық банктің бағалы

қағаздарына салып отыр. Егер базалық өсім 5 пайыз болса, ақшаны бұлай ұстау тиімсіз болып, пайда табу үшін оны бизнеске жіберер еді. Қазір екінші деңгейлі банктердің тұрғындарға беретін тұтыну несиесінің ең төменгі ставкасы 25 пайыздан жоғары. Ипотека бойынша – 14 пайыз. Қарапайым адам үшін бұл өте қымбат. Пәтерге деп алған несие он бес жылдан кейін екі есеге өседі. Кредитті алған адам үшінші жылы шаршай бастайды. Себебі, балалар дүниеге келіп, қосымша шығындар пайда болады, мұның сыртында азық-түлік, өзге тұтынуға қажетті тауарлар бағасы да өседі. Тапқан ақшасы жетпеуге айналады. Осының бәрі жүйкеге салмақ салады. Мұның арты түрлі наразылыққа алып келіп жатады. Сондықтан біздің Ұлттық банк алдына қойып отырған талабымыздың басты мақсаты ставка- ны қаржыландыру деңгейін төмендету. Бізді бірақ Ұлттық банк тыңдап отырған жоқ. Оның айтатыны – егер біз пайыздық үстемені төмендететін болсақ, салымшылар өздерінің депозитін алып кетеді. Оларға бұлай депозитті ұстау тиімді емес. Өкінішке орай, банктер үшін тек салымшылар жағдайы ғана маңызды, несие алғандардың мәселесі екінші кезекте.

– *Алматыда бес адамның өліміне себеп болған оқиға несие мәселе-*

*сінің маңызын одан сайын айқын көрсеткендей.*

– Иә, бұл жағдайды сатылған мүлік құнының ақылға сыйымсыз деңгейде төмендетілгені ұшықтырды. Банктің осындай шешім жасауына біздің заң жол береді. Оның талабына сай несиені төлемесіз банк мүлкінді нарық бағасынан елу пайызға дейін төмен сата алады. Мысалы пәтер 20 млн тұрса, оны саудаға он миллион теңгеге дейін арзандатып, шығарып, пәтерді өзінің баласына ала алады. Негізінде мүлік бағасы көп дегенде 25 пайызға төмендетілуі керек. Сонда қарыз алушы қарыздың 16 миллионының жабылатындығына сенімді болады. Екіншіден, Ұлттық банк, Қаржы қадағалау агенттігі осы сауданың өткізілуі барысын бақылауы тиіс. Бүгінде банктер сауданы электронды түрде ұйымдастырады, қатысушылар жоқ, бұл тәжірибені тоқтату керек. Үшіншіден, азаматтар қаржылық сауатты көтеру керек. Шыны керек, замандастарымыз борыштың қамытын көбіне несиенің қыр-сырын білмегендіктен киіп жатады.

– *Сол секілді банктер азаматтардың төлем қабілетіне көз жұма қарайтын секілді. Осы тұрғыда нақты талап қажет деп ойламайсыз ба?*

– Бұл да өзекті мәселе. Иә, соңғы жылдары оған шектеу енгізілді. Мәселен, бұрынғыдай үйін кепілдікке алып, несие беру тәжірибесі жойылды. Жалпы, несие рәсімделген кезде төлем қабілеті міндетті түрде ескерілуі, қарызды өтеу сомасы оның табысының елу пайызынан аспауы керек. Яғни, қарызды жапқаннан кейін ақшасы қалу керек. Өкінішке орай, бізде бұл талап ең төменгі күнкөріс деңгейіне негізделген. Өзіңіз ойланғаныша адам қалай 16 мың теңгеге өмір сүреді? Бұл деген абсурд қой. Сондықтан шекті өлшем қайта қаралып, банк несие бере алатын төлем қабілетінің деңгейі көтерілуі керек. Сонда несие алатын адамдар саны азайып, кез келгені қарыз құрғына түспейтін болады. Шыны керек, бүгінде адамдар несиені түкке тұрғысыз нәрселер үшін алады. Мәселен, телефоннан бастап, той жасау, жаназа шығаруға дейін қарыз алып жүзеге асырылатын болған. Егер несие баспана үшін алынса түсінуге болады. Қызығы, осы мақсатта алынатын борыш несие тұтыну қарызынан әлдеқайда аз. Сондықтан біріншіден, несие нормативтерін қайта қарап, екіншіден, адамдардың санасын өзгерту керек.

– *Бұл тәжірибе шетелде қалай?*

– Онда пайыздық өсімдер 0,3-0,4 пайыздан аспайды. Сондықтан банктер депозитті бір пайызбен тартып, несиені 3-4 пайызға дейінгі ғана өсіммен береді. Өсім төмен болса, қызмет ету де жеңіл. Бізде мемлекет беретін, мысалы

Отбасы банкі ұсынатын несиенің өзінің ең төменгі өсімі 6 пайыз.

– *Сол секілді адамдарды көптеп тартып жатқан қаржы пирамидалары жайлы айтып өтсеңіз. Бірі жабылса екіншісі пайда болатын қаржы пирамидаларына алдаған азаматтардан арыз түспейінше анықтау мүмкін болмағаны ма? Құзырлы орындар осындай мәселеге неге мән бермейді?*

– Бұл мәселеге орай Парламент депутаттары құзырлы орынға сауал жасады. Расында жағдай өте қорқынышты. Қаржы пирамидасына қатысты 2016–2020 жылдар аралығында прокуратурада 618 іс қозғалыпты. Тек 2020 жылы бұл санаттағы істер саны 7 есеге артқан. 2019 жылы барлығы 24 іс қозғалған болса, 2020 жылы 118 іс қозғалған. Ал биылғы жылдың 9 айында олардың саны 380-ге жетіп отыр. Барлығы 43 мың адам зардап шегіп, 417 млрд теңге жоғалтқан. Бұл өте көп ақша. Сондықтан қаржы пирамидаларының құрығына түспеу үшін бірінші кезекте тұрғындар сақ болу керек.

Шын мәнінде тегін ешнәрсе жоқ. Пирамида да солай, ол адамдарды оңай олжамен алдап құрыққа түсіруді мақсат етеді. Пирамиданы қалай тануға болады? Онда біріншіден 20 пайыздан 50 пайызға дейін жоғары пайда таба-

сың дейді. Бұл шындыққа сай емес. Екіншіден, адамдарды тартқаны үшін бонус төлейтіндігі. Біз осыған сеніп, өзімізбен қоса, соңымыздан ерген адамды да сазға отырғызамыз. Үшіншіден, қымбат пәтер құнының бірден отыз пайызын береміз дейді. Бұл тұзақ. Адамдар оған тез баюды мақсат етіп барады. Шарттары күмәнді болса да кейде саналы түрде, кейде сауатсыздық салдарынан оларға мойынсұнады. Ашкөздік те бар. Оны мойындауымыз керек. Бұл үрдістің алдын алу үшін мемлекеттік құрылымдар алдын ала ескерту бағытында жұмыс істеу керек. Қаржы мониторингі мен қаржы реттеу агенттіктері, құқық қорғау органдары өкілдерінен құрылған сауатты команда адамдарды қаржы пирамидаларына шақыратын сайттарды анықтап, жұмыс әдістерін саралап, ақпараттандыру, алдын алу жұмыстарын жүргізуі тиіс. Ондай сайттар жедел жабылуы керек. Өкінішке қарай, біз бұл мәселеде шабандыз. Мысалы 2019 жылы іргеміз-дегі Ресейді дүрліктіріп, үстінен қылмыстық іс қозғалған Финика қаржы пирамидасы өткен жылдың желтоқсан айында Қазақстанға келіп, биылғы жылдың шілде айына дейін адамдарды қатарына тартқан. Егер біздің мамандар тиімді жұмыс жүргізген болса, бұл ұйым біздің елді манайлай алмас еді.

– *Жуырда Парламентте алдағы үш жылдың бюджеті туралы заң қаралған кезде Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досеке келер жылы инфляция деңгейі 4 пайыздың айналасында болады деді. Бұл шындыққа келе ме?*

– Ресми статистика шынайы өмірдің көрінісін бермейді. Инфляция төмендеуі үшін барлық тауарды өндіретін өндірістер Қазақстанда құрылып, оларға өсім пайызы төмен несие берілуі керек. Жоғарыда айтқанымдай қазіргі банк беріп отырған қарыз өсімімен өндірісті дамыту мүмкін емес. Бұл үшін несиесі қазіргідей 14 пайыз емес, 8-9 пайыздың айналасында болғаны жөн. Бізде субсидияны көбісі ала алмайды. Бизнестің дамуына жағдай жасалып, оларға салынатын салық көлемі азайтылу керек. Қазір салық шағын, орта және ірі бизнес үшін бірдей деңгейде. Бұл дұрыс емес. Нан, ет, сүт өндірушілер үшін салық 1-2 пайыздан аспағаны жөн. Күнделікті қолданбайтын тауарлар өндірісіне салынатын салықты арттыруға болады. Осындай тетіктермен халық тұтынатын тауарлар нарығын өз өңімімізбен толтырғанда ғана инфляция деңгейі төмендеп, әл-ауқатымыз жақсаратын болады. Басқа жағдайда бәрі бос сөз.

– *Уақыт тауып, сұхбаттасқаныңызға рақмет!*

Айша ҚҰРМАНҒАЛИ,  
«Заң газеті»



ОРАЙЫ КЕЛГЕН ӘҢГІМЕ

– Бектөре Жеңісбайұлы, тәртіп сақшыларының бүгінгі таңда аткарып отырған жұмыстарына тоқтала кетсеңіз?

– Бүгінгі күннің полицейіне үлкен талаптар қойылады. Олар қоғам алдында үлкен жауапкершілік аркалап, қауіп-қатерге қарсы тұрады, ел тыныштығын күзетеді. Олар жұртшылықпен тығыз байланыста жұмыс істейді. Қылмыспен құқықбұзушылықты азайту, олардың алдын алу қоғам алдында тұрған міндеттердің бірі. Бұл мақсатта тәртіп сақшыларымен атқарылған нәтижелі шаралар бар. Аймағымызда криминогендік ахуал тұрақты. Қылмыстың төмендеу тенденциясы қалыптасты. Биылғы жылдың 9 айында тіркелген қылмыстар саны – 6 пайызға, ұрлық – 1091-ден 936-ға, мал ұрлығы – 194-тен 140-қа, тонау – 44-тен 41-ге, бұзақылық қылмыстары 146-дан 102-ге төмендеді. Кәмелетке толмағандармен 52-ден 49-ға, отбасы-тұрмыстық саласында жасалған қылмыстар саны 16-дан 11-ге азайды. Ауыр және аса ауыр қылмыстардың ашылуы да жақсарды.

– Күз мезгілі мал ұрлығының оршитін уақыты. Қылмыстың алдын алуда сіздерде қандай шаралар жүзеге асырылып жатыр?

– Рас айтасыз, қазіргі күні жергілікті тұрғындарды мазалап жүрген негізгі мәселенің бірі – мал ұрлығы. Кейбір тұрғындардың малы өрісте ұрланса, бірінікі қорадан қолды болып жатады. Малдың жоғалуының бірінші себебі тұрғындардың өздерінің пада ұйымдастырмай, қараусыз қалдыруы. Ветеринария қызметімен бірлесіп, жолдарда мал тасымалдайтын көлік құралдары мен малдарға тиісті құжаттарын ветеринарлық анықтамасын, таңбалары мен сырғаларындағы нөмірлері сәйкес келуін тексеру жұмыстары қарқынды жүруде. Одан бөлек, көршілес Түркістан және Ақтөбе облыстарындағы әріптестермен ақпарат алмасудамыз. Қараусыз, бей-берекет белгіленбеген орында жайылып жүрген малдардың иелеріне Әкімшілік



Бектөре СҰЛТАН, Қызылорда облысы Полиция департаменті бастығы, полиция полковнигі:

«ЖҰМЫС КҮШЕЙІП, ҚЫЛМЫС АЗАЙДЫ»

кодекстің 408-бабымен әкімшілік хаттама толтырылып, шара қолданылуда. Сол себепті малдарды бақташымен пада арқылы белгіленген орындарда жайған дұрыс. Дегенмен, де ұрлық бойынша уақытылы хабарлау, пада ұйымдастыру, малдарды таңбалау, сырғалау, JPS құрылғыларын енгізу жұмыстарын жүргізу тиімді болар еді. Себебі, ұрланған малдарды табу, тану барысында қиындықтар туындауда. Қылмыстардың уақытылы ашылмауына жоғалған малдарын иелері өз күштерімен іздеп, полицияға кеш арыздануы да әсер етуде. Қабылданған шаралар мал ұрлығымен айналысатын тұлғалардың қылмыстық әрекеттеріне тосқауыл болды.

– Жол-көлік оқиғалары жиілеп кетті. Жолаушылар қауіпсіздігі үшін қандай жұмыстар істелуде?

– Облыс көлемінде тіркелген жол апаттарының салдарынан жарақат алғандар мен қайтыс болғандар саны

көбейгені өкінішті. Қала, аудан орталықтарында радарларға тыйым салынып, олардың орнына жылдамдықты анықтайтын автоматты құралдар алу көзделген.

Осындай құрылғылар 2020 жылы жергілікті әкімдіктің қолдауымен қала орталығында жол-көлік оқиғалары жиі орын алатын көше бойларына 13 дана «АРКАН» стационарлы жылдамдық өлшегіш құрылғылары орнатылып, қазіргі таңда толықтай жұмыс атқаруда. Сондай-ақ, қазіргі уақытта қосымша 7 данасы орнатылуда. Одан бөлек, 5 дана «Интеллектуалды қиылыс» құрылғылары қызмет жасауда. «АРКАН» арқылы 2021 жылдың 9 айында 20 727 құқық бұзушылыққа 191 млн 331 мың тг айыппұл салынса, «Интеллектуалды қиылыс» құрылғысымен 1 687 құқық бұзушылық анықталып, 9 млн 979 мың тг айыппұл салынды. Орын алған жол апаттарының себептері зерделеніп, қалалық және аудандық әкімдіктерге ұсыныстар

жолданды. Жаяулар өтетін жол белгілері жарықтанып, жүргізушілердің назарын аудару үшін «Кошачий глаз» қондырғылары, балалар бейнеленген макеттер орнатылды.

– Есірткімен күресте қандай нәтиже бар?

– Жыл басынан заңсыз айналымдағы 143 келі есірткі заты тәркіленді. Осы жылдың 9 айында 169 есірткі қылмысы анықталды. Оның ішінде есірткіні аса ірі мөлшерде сақтаудың – 12, есірткі сатудың – 21, есірткі өсірудің – 43, есірткімен байланысты қылмыстық теріс қылықтардың 90 дерегі анықталды. Заңсыз айналымнан барлығы 143 кг 30 гр есірткі заты тәркіленсе, оның 352 гр синтетикалық есірткі құралы.

синтетикалық есірткі сақтаудың 3 дерегі анықталды.

– «Қарасора–2021» операциясының көмегі болмады ма?

– Облысы аумағында 2021 жылдың 1 маусым мен 30 қазан аралығында «Қарасора–2021» арнайы жедел профилактикалық іс-шарасы өткізілді. Іс-шара кезінде есірткі өсірудің 43 дерегі анықталса, оның 16 дерегі далалық аймақтан, 27 дерегі үй ауласы, саяжайдан табылды. Есірткі өсіргені үшін барлығы 52 азамат ұсталса, оның 30-ы қамаққа алынды. Оқиға орнынан барлығы 14 мың 360 түп қарасора өсімдігі жойылды.

– Бүгінгі полицейдің бет-бейнесі жайлы не айтар едіңіз?

– Полиция жұмысын жаңа сатыға көтеру, азаматтардың құқығын қорғайтын тәртіп сақшысының имиджін қалыптастыру, сонымен қатар, тәртіп сақшылары мен халық арасындағы өзара іс-қимылды жандандыру, полиция қызметінің ашықтығы мен тиімділігін арттыру қажет. «Әр қызметкер – ішкі істер саласының айнасы» қағидасы бойынша полиция қызметкерінің оң бейнесін қалыптастырып, жеке құрам арасындағы заңдылық пен тәртіпті сақтау, сыбайлас жемқорлық сипатындағы әрекеттердің алдын алу, анықтау жұмыстары ерекше назарда.

ҚР Президентінің халыққа жолдауында айтылғандарды жүзеге асыру шеңберінде «жұртқа жақын полиция» қағидаты бойынша бүгінгі полиция қызметінің негізгі жұмыс бағыты – халықтың бізге деген сенімі.

– Әңгімеңізге рақмет!

Гүлбану МАКАЖАН  
ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫ

ҚҰҚЫҚТЫҚ САУАТ

ТАЛАП – ОРТАҚ, МІНДЕТ – АЙҚЫН

*Қазақстан Республикасының Азаматтық процесстік кодексінің 4-бабы бойынша азаматтардың, мемлекеттің және заңды тұлғалардың бұзылған немесе даулы құқықтарын, бостандықтарын мен заңды мүдделерін қорғау және қалпына келтіру, азаматтық айналымда заңдылықты сақтау, істің толық және уақытылы қаралуын қамтамасыз ету, дауды бейіт жолмен реттеуге жәрдемдесу, құқық бұзушылықтардың алдын алу мен қоғамда заңға және сотқа құрметпен қарауды қалыптастыру азаматтық сот ісін жүргізудің міндеттері болып табылады.*

Сот істі сот отырысының уақыты мен орны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған іске қатысатын адамдардың қайсыбіреуі болмаған жағдайда іс қаралса ол сот ісін жүргізудегі өрескел қателік болып саналады. Сондықтан соттың хабарлаулары мен шақыртуларына аса мән беріп, жауапкершілікпен қарау заң тұрғысынан реттелген.

Іске қатысатын адамдар, куәлар, сарапшылар, мамандар мен аудармашылар электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша хабарлама жіберу арқылы, сондай-ақ хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары пайдаланыла отырып хабарлануы немесе шақырылуы мүмкін.

Электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі, хабарлаудың немесе шақырудың тіркелуін қамтамасыз ететін өзге де электрондық байланыс құралдары туралы мәліметтер болмаған жағдайда, соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама белгілі болған соңғы тұрғылықты жері бойынша жіберіледі.

Соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлама электрондық пошта мекенжайы бойынша немесе ұялы байланыстың абоненттік нөміріне не пошта арқылы судьяның оларды жеткізуді тапсыратын адамы жеткізеді.

Адресатқа электрондық пошта мекенжайы немесе ұялы байланыстың абоненттік нөмірі бойынша оларды жөнелту уақытын растайтын есеппен тіркеледі, ал қолма-қол жеткізілген жағдайда, сотқа қайтарылуда жататын шақыру қағазының түбіртегінде немесе өзге де хабарламаның көшірмесінде белгіленеді.

Судья хабарландырылатын немесе іс бойынша шақырылатын басқа адамға тапсыру үшін шақыру қағазын немесе соттың өзге де хабарлауын іске қатысатын адамның келісімімен оған беруі мүмкін.

Соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарлауды жеткізу тапсырылған адам оның тапсырылған күні көрсетілген және адресаттың оларды алғандығы жөнінде қолы қойылған шақыру қағазының түбіртегін немесе өзге де хабарлаудың көшірмелерін сотқа қайтаруға міндетті.

Осы тараудың талаптары сақталған кезде және керісінше жағдай дәлелденбесе, соттың шақыру қағазы немесе өзге де хабарлау жеткізілген болып есептеледі.

Азаматқа жіберілген соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама сотқа қайтарылуда жататын қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарламаның көшірмесіне қол қойғызып, оған жеке табыс етіледі.

Заңды тұлғаға жіберілген соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама оның өкіліне немесе басқарушылық функцияларды орындайтын тиісті адамға, күзет қызметінің қызметкеріне не шақырылатын, хабарланатын тұлғаның басқа жұмыскеріне табыс етіледі, олар өздерінің лауазымын, тегін және аты-жөнін көрсете отырып, қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де



хабарламаның көшірмесіне алғандығы туралы қол қояды.

Соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама, егер хабарлау мен шақырудың электрондық түрлерін жіберудің барлық мүмкіндігі таусылған жағдайда, заңды тұлғаға жіберіледі.

Соттың шақыру қағазы немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлама, тіпті, егер заңды тұлға көрсетілген мекенжайда болмаса да, заңды тұлғаның орналасқан жері бойынша оған жеткізілген болып есептеледі.

Егер шақыру қағазын жеткізген адам іс бойынша хабарландырылатын немесе шақырылатын адамды тұрғылықты жерінен немесе жұмысынан таба алмаса, онда шақыру қағазы онымен бірге тұратын отбасының кәмелеттік жасқа толған мүшелерінің біріне не олардың келісімімен басқа адамға, ал олар болмаған кезде – үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің немесе көппәтерлі тұрғын үйлер мүлкінің меншік иелері бірлестігінің не жай серіктестігінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер

көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасына не тұрғын үй басқарушысына, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның не оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасына тапсырылады.

Бұл жағдайларда шақыру қағазын қабылдап алған адам шақыру қағазының түбіртегіне өзінің тегін, атын, әкесінің атын (егер ол жеке басты куәландыратын құжатта көрсетілген болса), сондай-ақ адресатқа қатыстылығын немесе атқаратын лауазымын көрсетуге міндетті.

Шақыру қағазын қабылдап алған адам оны кешеуілдемей адресатқа тапсыруға міндетті.

Көрсетілген жағдайларда соттың шақыру қағазы тиісті түрде тапсырылған болып есептеледі.

Адресат уақытша болмаған жағдайда шақыру қағазын жеткізетін адам қағаз жеткізгіштегі шақыру қағазының түбіртегіне немесе өзге де хабарлауға адресаттың қайда кеткенін және оның қашан қайтып келуі мүмкін екенін белгілейді.

Осы мәліметтерді онымен бірге тұратын кәмелетке толған отбасы мүшелерінің және басқа адамдардың ішінен біреуі растауы не үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің немесе көппәтерлі тұрғын үйлер мүлкінің меншік иелері бірлестігінің не жай серіктестігінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтерді көрсету қызметінің уәкілетті тұлғасы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жері бойынша тиісті атқарушы органның немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті тұлғасы, сондай-ақ, қағаз жеткізгіштегі соттың шақыру қағазын немесе хабарлауды жеткізген адам қағаз жеткізгіште куәландыруға тиіс.

Адресаттың соттың шақыру қағазын немесе өзге де хабарламаны алу-дан бас тартуы туралы белгілі үй-жайлардың (пәтерлердің) меншік иелері кооперативінің немесе көппәтерлі тұрғын үйлер мүлкінің меншік иелері бірлестігінің не серіктестігінің, тұрғын үй-пайдалану және коммуналдық қызметтер көрсету қызметінің уәкілетті адамы не тұрғын үй басқарушысы, жергілікті өзін-өзі басқару органының немесе адресаттың тұрғылықты жеріндегі тиісті атқарушы органның немесе оның жұмыс орны бойынша әкімшіліктің уәкілетті адамы куәландырады.

Адресаттың соттың шақыру қағазын немесе қағаз жеткізгіштегі өзге де хабарлауды қабылдап алудан бас тартуы істі қарауға немесе жекелеген процесстік әрекеттерді жасауға кедергі болмайды және адам тиісті түрде хабарландырылған болып есептеледі.

Сондықтан соттың хабарлаулары мен шақыртуларын алған әрбір іске қатысатын адамдар мен олардың өкілдерінің, сот процесінің басқа қатысушыларының жадында жоғарыда аталған заң талаптарын сақтаулары қажет.

С.ДӘРІҚҰЛОВА,  
Шалқар аудандық сотының судьясы



ТАРИХҚА ТАҒЫЗЫМ

# «ҰЛЫҚ ҰЛЫС – АЛТЫН ОРДА»

Атырауда «Ұлық ұлыс» атанған Алтын Орданың 750 жылдығы аталып өтілді. Үш күнге созылған ғылыми-практикалық конференцияда Алтын Орда тарихының тереңде жатқаны, оның көпшілікке мәлім де беймәлім тұстары көп екендігі айтылды.

Еуропа, Америка, Түркия, Жапония, Ресей, Украина елдерінен зерттеуші-ғалымдар қатысқан іс-шара ел Тәуелсіздігінің 30 жылдығына арналды. Атырау облыстық Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен басқосуға Президент Әкімшілігі басшысының бірінші орынбасары Дәурен Абаев қатысып, Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтауын жеткізді. Президент өзінің құттықтау хатында Алтын Орданың тарихы тереңде жатқанын, қазіргі Қазақ мемлекеттігінің жынамасы осы тарихпен тығыз байланысты екенін атап өткен. «Шын мәнінде, Алтын Орданың тарихы әлі де терең зерттеуді қажет етеді. Түрлі себептерге байланысты төл шежіреміздің осы бірнеше ғасырлық кезеңі назардан тыс қалды. Еліміз егемендігін алғаннан кейін ғана бұл олқылықтың орнын толтыруға қол ашылды. Тарихын түгендеп, одан тағылым ала білген елдің тамыры берік болады. Алтын Орда көптеген бауырлас елдердің тағдырында да айрықша із қалдырған. Сондықтан, халықаралық ғылыми қауымдастықтың алдында ортақ шежіремізді бірлесе зерттеу міндеті тұр», – деп жазылыпты Президент құттықтауында. Ал, Дәурен Абаев өз баяндамасында: «Алтын Орда – тамыры терең тарихымыздың бір парағы ғана емес. Бұл – қазақ ұлты мен мемлекеттілігінің алтын бесігі. Біз сан түрлі ұлыстар мен ру-тайпалардан құралған ұлық ұлыстың қазанында қайнап, жеке ұлт болып қалыптастық, дербес хандық құрдық. Бұған тарихпен әсіре мақтану деп емес, генетиктер дәлелдеген дерек деп қараған жөн – десе, облыс әкімінің құттықтауын жеткізген Бақытгүл Хаменова «Алтайдан Дунайға дейінгі кең-байтақ мекенде XIII ғасырда пайда болған дала және қала мәдениетінің бірегей қоспасы – Алтын Орда өркениетінің тарихына



негізделген бүгінгі шара ұлан-ғайыр аумақтың кешегі шежіресіне шолу жасауды мақсат етеді. Алтын Орда – қазақтың мәдени кодының маңызды бөлшегі. Атырау облысында киелі, тарихи орындар көп. Соның бірі – көне Сарайшық қонысы. Алтын Орда кезеңінде елеулі рөл атқарған қоныстың еліміздің дәл осы аумағында орналасуы бекер емес. Бұл біздің тарихымыздың тамыры тереңде жатқанын көрсетеді», – деді.

Сондай-ақ, халықаралық конференцияға «Алтын Орданың» тарихын зерттеп жүрген отандық және шетелдік ғалымдар, «Алтын Орда» канат жайған тұста өмір сүрген калалардың орнында қазба жұмыстарын жүргізіп жатқан археологтар, этно-археологтар, «Алтын Орда» дәуіріндегі ақша сарайлары, монета соғу ісін індете іздеп жүрген археолог-нумизмат ғалымдар, «Алтын Орданың» кескін-келбетін сырлы бояулармен беретін суретшілер, «Алтын Орданың» ауызша тарихын зерттеуші фольклорист ғалымдар мен күйшілер, акын-жазушылар қатысты. Конференция «Алтын Орда дәуірінің мәдени мұрасы тарихи деректерде», «Археологиялық құндылықтардың тарихи маңызы», «Ұлық Ұлыс дәуірі фольклорының ерекшеліктері», «Қасым хан және Сарайшық: Қазақ мемлекеттілігі тарихында» атты 4 панельге бөлінді. Сонымен қатар суретшілер пленерін өткізу арқылы тарихи кезең кескінделді.

Махамбет атындағы академиялық қазақ драма театрында өткен

салтанатты жиында «Айбыны асқан Алтын орда» әдеби-театрландырылған композициялық қойылымы көрсетілді. Онда Шыңғыс ханнан Жәнібек ханға дейінгі Алтын Орда тарихы, бағырлар, тарихи тұлғалар образдары суреттелді. Сондай-ақ, Сарайшықтың әйгілі аңызы – Алтын қайықты қыз, Алтын Орда хандары-



ның шеруі, Ұлы Жібек Жолы, Алтын Орда мұрагері – Қазақ хандығы туралы театрландырылған композициялар да қонақтарға көрсетілді.

Пленарлық мәжіліс барысында Мемлекет тарихы институты директорының орынбасары, т.ғ.д., профессор Бүркітбай Аяған – «Жошы ұлысы Атырау аймағында, Ұлық Ұлыс ханы Ұрысхан (Ақнияз) және Үлкен Орда ханы Барақ хан, Шибандар әулеті»,

Колумбия университетінің (АҚШ) профессоры, Ph.D. (тарих) ЮЛИАЙ Шамильоглу – «Алтын Орда қалалары және Сарайшық», тарих ғылымдарының докторы, профессор Мадияр Елеуов – «Ортағасырлық Қышқалада 2018–2021 жылдары жүргізілген археологиялық зерттеулер», филология ғылымдарының докторы, ҚР ҰҒА корреспондент мүшесі Кенжехан Матыханов – «Алтын Орда дәуіріндегі фольклоры: елдік пен ерлік рухы», тарих ғылымдарының докторы Андрей Беляков – «Ордынское влияние на русское делопроизводство: жалованные грамоты за золотой печатью» (Ресей, онлайн), т.ғ.д., профессор Әбілсейіт Мұқтар – «Ұлық Ұлыс тарихындағы Сарайшық қаласының маңызы» тақырыптарында баяндамалар жасады.

Конференция қонақтарының назарына «Ұлық Ұлыс – Алтын Орда» көрмесі ұсынылды. Көрмеге 1909 жылы Сарайшық қаласының орнынан табылған, бұйырінде Жүсіп Баласағұнның поэмасынан үзінді жазылған жұмша, сүйектен, күмістен



жасалған әшекей бұйымдар, нумизматикалық және археологиялық жәдігерлер қойылған.

Конференция қонақтары алғаш рет Атырау аумағында 1975 жылдан 2020 жылға дейін жүргізілген археологиялық қазба жұмыстарының түпнұсқа ғылыми есептерімен танысу мүмкіндігіне ие болды.

Ж.ҚУДАЙБЕРГЕН

## ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ӨЗІҢЕ ҚҰРМЕТ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік тілі қазақ тілі деп Конституцияның 7-бабында белгіленген.

1997 жылғы 11 шілдедегі «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» заңында мемлекеттік тіл Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, ұйымдарының және жергілікті өзін-өзі басқару органдарының жұмыс және іс-қағаздарын жүргізу тілі болып табылады.

Яғни, мемлекеттік басқарудан бастап бұқаралалық ақпарат, мәдениет, білім мен ғылым, қарулы күштерде, сот және басқа да барлық салаларда қолданылады деген сөз.

Осы заңдылықты бұзудың да өзіндік жауапкершілігі бар. Заңның бұзылуына кінәлі мемлекеттік органдардың бірінші басшылары не аппараттардың басшылары, сондай-ақ, жеке және заңды тұлғалар Қазақстан заңдарына сәйкес жауаптылықта болады.

Ата Заңымыздың 93-бабында «Конституцияның 7-бабын жүзеге асыру мақсатында Үкімет, жергілікті өкілдік және атқарушы органдар, арнаулы заңға сәйкес Қазақстан Республикасының барлық азаматтары мемлекеттік тілді еркін әрі тегін меңгеруі үшін қажетті ұйымдастырушылық, материалдық және техникалық жағдайдың бәрін жасауға міндетті» деп көрсетілген.

Яғни барлық мемлекеттік және жергілікті басқару органдары қазақ тілінің мемлекет ішінде қарқынды дамуы үшін жоспарлы түрде әрекет етуі қажет.

Қазақстандағы тіл саясатын іске асырудың 2020–2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асырудың бірнеше нысаналы индикаторының ішінде мемлекеттік тілді меңгерген халықтың үлесі 2025 жылға қарай – 95 %-ды, ал, мемлекеттік бұқаралық ақпарат құралдарындағы қазақтілді контенттің үлесі 2025 жылы – 79 % болуы керек. Демек, бағдарламаны іске асырудағы күтілетін нәтиженің өзі 100 %-ға келмейді.

Мұның өзіндік себебі де болуы керек. Біріншіден, біздің елімізде Жапония сияқты халқының 99 пайызын бір ұлт құрамайды; екіншіден, тәуелсіздік алғанымызға ширек ғасырдан енді асып жатыр; үшіншіден, қазақ тілін үйренуге кейбір отандастарымыздың енжарлығы әсер етеді.

Дегенмен, мемлекеттік тіл тек қана өзімізге қажет. Ал оны көркейту сіз бен біздің ортақ міндетіміз, әрі оны баршамыз сезіне білуіміз тиіс.

Азат АБДРАЗАХОВ,  
Қызылорда облысының  
мамандандырылған ауданаралық  
әкімшілік сотының бас маманы-сот  
отырысының хатшысы

## ТАРАТУ

3.»Ломбард «Novo Credit» ЖШС, БСН 111140001462, жарғылық капиталының азайғаны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап бір ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Санжар Жандосов көшесі, 18/1 ғимарат, пошта индексі 160021.

4.»Ломбард «Novo Credit» ЖШС, БСН 111140001462 (Қазақстан, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Санжар Жандосов көшесі, 18/1 ғимарат, пошта индексі 160021) заңды тұлғаның атауы және қызмет саласының өзгергені туралы хабарлайды.

5.»Ломбард «Novo Credit» ЖШС, БСН 111140001462, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап 2 ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан, Шымкент қаласы, әл-Фараби ауданы, Санжар Жандосов көшесі, 18/1 ғимарат, пошта индексі 160021.

10. Сельскохозяйственный производственный кооператив «Өрлеу kz 2017», БСН 170840011265, өзінің жойылғандығы туралы хабарлайды. Шағымдар хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы обл., Жамбыл ауданы, С.Б.Қыдырбекұлы селосы, Сүйінбай к., 10 үй. Тел.87776404260.

11.»Астеллас Фарма Юроп Б.В.» жауапкершілігі шектеулі жеке компаниясының Қазақстан Республикасындағы өкілдігі, БСН 070242018647 (050059, Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 15, «Нұрлы Тау» БО, 4В корпус, 19-4В-10 кеңсе) өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Несиегерлердің талап-шағымдары осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: 050059, Қазақстан, Алматы қаласы, Бостандық ауданы, әл-Фараби даңғылы, 9, 5г блок, 159 кеңсе. Тел.: +77755268195.

12.»Daily Fresh» ЖШС, БСН 130740013111, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар мына мекенжайда қабылданады: Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, Медеу ауданы, «Самал-2» ықшамауданы, 36 үй, н.п.32.

13.»Отау Синема» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі, БСН 991040000819, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-шағымдар осы хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде мына мекенжайда қабылданады: Алматы қаласы, Достық даңғылы, 44. Тел.: 87752814818.

## ӨРТУРА

2.»Орион Ломбард КЗ» ЖШС, БСН 191240016230, өкілетті органға микроқаржылық қызметін жүзеге асыруға берілген лицензияның әрекетін ерікті түрде тоқтату туралы өтінішпен жүгінуге ниетті екенін хабарлайды.

## ЖАРНАМА БӨЛІМІ:

Алматы қаласы  
Тел.: 8(727) 292-29-27,  
292-40-89,  
факс:  
8 (747) 428-26-10

E-mail:  
zanreklama@mail.ru  
zanreklama.kz

## ЖАРНАМА ҚАБЫЛДАЙТЫН ОРЫНДАР:

«Sokrat-PV» Юридическое агенство» ЖШС, Павлодар қаласы, Крупская көшесі, 61, кеңсе 23. Телефон: 87027159520; 87182221266 (жұмыс).

«KAIOPOS» ЖК, Алматы қаласы, Жібек жолы даңғылы, 55, Пушкин көшесімен қиылысы, «Алма» СО, 4 қабат, ресепшн, тел.: 271-49-39, 8707 705-92-22. E-mail: kalydybayeva@mail.ru. Барлық хабарландыруды What's app бойынша қабылдаймыз.

ЖК «Қандыбаева», Газеттерге, журналдарға және сайттарға хабарландыру қабылдау агенттігі: 8(727)327 30 92, тел/факс: 273 47 98, 8 707 895 21 99, 8 701 739 27 83, 8 705 185 75 73 www.gazetyaiy.kz, e-mail: vsegazety@mail.ru Алматы қ., Абылай хан даң., 60, Мақатаев көш. қиылысы, 208 кеңсе.

Арлан-консалтинг ЖШС, Семей қ., К.Мұхаметханов көшесі, 23 «А», 104-бөлме. Тел.: 8 (705) 798-58-18, 8(708)4672701

«GoldKapital» ЖК Нұр-Сұлтан қаласы Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11

ЖК «TRade and service», Алматы қ., ш/а Жетісу-3, 55/133.

ЖК «Gold Capital» Нұр-Сұлтан қ., Абай көшесі, 78, 105-кеңсе. Тел.: 8 (7172) 52-02-11, 8(702)839-90-86.

«Грация» ЖШС, Атырау қаласы, Махамбетов көшесі, 107-а, 2-бөлме, тел.: 32-14-29, 30-65-24, 8701 920 4538.

«ЮрСлужба» ЖШС, Көкшетау қ., Е. Әуелбеков көшесі, 129. Тел.: 8 (7162) 25-77-17, 8(747)8097074.

«Версия-Пресс» ЖШС, Павлодар қ., Естай көшесі 40. Тел.: 8 (7182) 32-47-67, 32-49-04

«Айди» ЖШС, Қарағанды қ., Жамбыл көшесі, 11. Тел.: 8 (7112) 42-00-71.

Қалиасқаров Нұрлан Нұрғисынулы ЖК, Петропавл қ., К.Сүтішов көшесі, 58, 30-бөлме, 3-қабат. Тел.: 8 (7152) 46-02-57, ұялы тел.: 8 (777) 572-29-91, 8 (701) 315-54-59.

ЖК «Бакирова Г.», Шымкент қ., Желтоқсан көшесі, 18. Әділет Департаментінің жанында. Тел.: 8 705 714 58 77.

Михеева Ольга Станиславовна ЖК, Қостанай қ., Гоголь көшесі, 110, ВП 67 (Чехов-Гоголь көш. қиылысы), Тел.: 8-714-2-50-97-07, ұялы тел.: 8-7758847211, 8-7053506918.

«Озат-1» ЖШС, Ақтөбе қ., Алтынсарин көшесі 31. Тел.: 8 (7132) 40-41-05, ұялы тел.: 87774348344 және Ақтау қаласы.

ЖК «SAPA KZ» Атырау қаласы, ұялы тел.: 87781063779, e-mail: zan-at@mail.ru.

«Назар-1 фирмасы» ЖШС («РУТА» ЖА), директоры Кривилова Татьяна Ивановна. Шымкент қ., Г.Ильяев көшесі, 47 (Шаймерденов к. бұрышы) RBK банктің жанында. Тел.: 8 (7252) 53-40-48. WhatsApp: +7-705-705-31-31. E-mail: nazar.reklama@gmail.com

«Юридическая фирма «Консультант» ЖШС Орал қ., Л.Толстой көшесі, 28. Тел.: 8 (7112) 50-88-05.

«Реклама» ЖШС, Орал қ., Достық-Дружба даңғылы, 182. Тел.: 8 (7112) 50-47-34.

ЖК «Сагидоллина Б.», 1 Теміржол вокзалы, Р.Зорге көшесі 8, «Лина» шаштаразы. argdawka\_94@mail.ru, Тел: 87058762218.

«Компания Жете» ЖШС, Талдықорған қ., ш/а, Молодежный 3-үй, 1-п. Тел.: 8(7282) 24-29-66, 87058147221.

ЖК Гавриленко И.И., Қостанай қ., пр. әл-Фараби 119-үй, 407-А бөлме. Тел/факс: 8 (7142) 53-63-21.

«Жас Отау» ЖК Қыдырбаева Н.Н. Қызылорда қ., Әйтеке би көшесі, 27. Тел.: 26-45-89, ұялы тел: 8 (777) 402-28-28; 8 (700) 332-24-78

ЖК Тажибаева, Тараз қаласы, Қойкелді көшесі 158 а, ЖКО аумағы. Ұялы тел.: 87017268772, 87054422939.

ЖК Новоселова Лилия, Петропавл қаласы, Қазақстан Конституциясы көшесі, 28-үй, 1-қабат. Тел.: 8(7152) 46-74-77, 8-777-228-64-13.

ЖК «Reklam Service», Тараз қаласы, Төле би көшесі, 73 (ауладан кіру). Тел.: 8(7262)502222, ұялы тел: 87019457336 Татьяна.

ЖК «Выдай», Өскемен қаласы, 60. Тел.: 8(7232) 578414, ұялы тел.: 87772256506.



## БАЙҚАУҒА!

Отырар ауылы «Шолпан емшінің өлтіріп кетіпті» деген хабардан оянды. Елге сыйлы, ұлын уяға, қызын қияға қондырған, немере мен шөбересінің ортасында отырған кейуана сол күні үйде жалғыз қалыпты. Қолындағы баласы отбасымен Түркістан қаласындағы жаңадан ашылған «Керуен-сарай» кешеніне қыдырып кеткен көрінеді. Шешесі «жастар өздерің емін-еркін демалыңдар» деп үйде қалған. Балалар келгенше қылмыскерлер кейуананы өлтіріп, үйдің астан-кестенін шығарып тонап кетіпті.

Талайды көрген тергеушілер жетпістен асқан кемпірді орындыққа отырғызып, скотчпен бекерден-бекер байламайтынын жақсы біледі. Ауыл тұрғындарынан сұрастырып шықты, сырттан ешкім келмеген, өздері Шолпан емшіге әулиедей табынып отыр.

\*\*\*

— Апа, сізді емші апа шақырып жатыр, — деп кіші қызы жүгіріп келгесін Шолпан тігіп отырған көрпесін жинастырып, күбіден бір кесе қымызын құйып алды да, көршісі емші Аняның үйіне барды.

Бүкіл ауыл емші апа деп сыйлайтын Аня әжей денсаулығым сыр беріп жүр деп бір жылдан бері ешкімді қабылдамайтын болған. Осы ауылда дәрігерге қаралатын адам жоқ шығар, кейде тіпті осы ауылдың келіндері аудаңдағы перзентхананың дәрігерлерінен емші апа жеңіл тудырады деп барғылары келмейтін. Бұл кісі Кеңес Одағы кезінде емшілікпен айналысқаны үшін қылмысты болып талай рет түрмеге де түсті. Бірақ көп ұзамай қайтып келетін. Шолпанның ұзын құлақтан естуінше бұған қатты сөйлеп, емшілігі туралы ғайбат сөз айтқан құқық қызметкері ертеңіне дертті болып орнынан тұра алмай қалған көрінеді. Кез келген адамға өмір керек. Жаны қиналғанда өзі-ақ Аняның жағдайын жасап, босатып жібереді екен. Шолпан осы ауылға он сегіз жасында келін болып түскенде осы кісі шүйкедей кемпір еді, бүгінгі күнде Шолпанның өзі келін түсіріп немере сүйіп кемпір болып отыр. Емші Аня әлі сол қалпы. Енесі марқұм «Киелі жерге жақсы адамдар ғана тұрақтайды» деп отыратын. Шолпанның өзі де талай Аняның емдеудегі құдіретіне бас иген. Бірақ осы Аняның біреуге бал ашып өмірін болжапты дегенді ешкім естіген емес, бір таңқаларлығы емшінің бұл ауылға қайдан және қашан келгенін де ешкім білмейді. Бүгінде көзі тірі ауыл үлкендерінің өзі «біз ес білгелі Аня бар ғой» дейді.

Есік алдында көрінбеген соң ұйықтап жатса оянып кетер деген оймен Шолпан көршісінің үйіне жайлап кірсе де:

— Шолпан, кіре бер, ояумын, — деді Аня. — Шөлдеген шығарсыз қымыз әкелдім кішкене ішсеңіз, — деді Шолпан төсекте жатқан көршісінің қасына тізе бүгіп. Кеудесін көтеріп ыңғайланып отырып кесені үнсіз қолына алған кемпір бір жұтты да қымыздың дәміне тамсанып:

— Сенің енеңдей қымызды ешкім баптай алмайды, сен де енең сияқты келіңіңе үйретіп қой, — деді де қымызды сіміріп, кішкене дем алғасын сөзін жалғап:

— Сендер де италияндықтар сияқты ата-бабаның мұрасын қадірлеп, үлкенді сыйлап, қастерлей білетін ұтысындар, — дегенде Шолпан таң қалды. Осы уақытқа дейін сыған деп келген көршісі италияндықтарын деп отыр... Кішкене дем алып сөзін ары қарай жалғаған Аня:

— Шолпан, мен сені келін болып түскен күніңнен білемін, сенің марқұм атаң мен енең жақсы адамдар еді. Құдай осы бергеніңен айырмасын. Саған ризамын. Бірақ менің сөзімді бөлмей тыңда, шақыртқаным ұзаққа бармайтынмыдй сеземін, шаршадым, мен не көрмедім, бәрін көтердім, итке бұйыратын туған жер де бұйырмады маған. Бірақ тәубе, киелі Түркістанға табаным тиді. Арыстан бабтың басына қонған түні тілімді қаламаға келтіргенімді білесің, сондықтан мұсылманша жерлерсіңдер. Молдамен де келісіп қойғанмын, керек-жарақ, жыртыстың бәрі ана сандықта тұр. Айтайын дегенім ол емес, — деді де кішкене дем алып сөзін жалғады.

— Шолпан, кіші ұлың ауырып дәрігердің емі қонбай қойған кезде маған «не қаласаң соны беремін» дегенің есінде ме, сол уәденді орындайтын кез келді. Сенен басқа сеніп тапсыратын да ешкім жоқ. Мен адамдарды емдегенде кітаппен емдеймін, сол кітапты саған қалдырамын. Бұл кітап менің қай атаман келе жатқаны белгісіз, бірақ жеті атамнан асып кеткен деген қауесет бар. Менің аталарым Рим Папасының өзімен қатар отырған епископ болған екен. XX ғасыр елдің бәрін қан қақсатқан, зобалаң әкелген ғасыр болды ғой, көрмеймісің епископтың қызы айдаладағы қазақ ауылында жападан-жалғыз жатыр. Мені сыртыман ел сыған дейтінін де білемін, оларға сыған емесіпін италияндықпын деп айтпадым. Өңгімені ұзартып не қыламын, тек сен білсін деп айтты отырмын. 1914 жылы бірінші дүниежүзілік соғыс басталғанда әкем

марқұм кітапты сақтау үшін бір түнде мені Ресейге қашырып жіберген, сол жақта біраз жыл тұрдым, 1937 жылы айдаумен АЛЖИР-ге келдім де қазақ жерінде қалып қойдым. Бұл кітаптың иесі адам емдеу арқылы тазаланып отыру керек, әйтпесе ауыра бересің, сондықтан емдеп отыруың керек. Ресейде болған кезде де, Қазақстанның солтүстігінде де жасаған емім аурудың бетін қайтарғанымен, толық



# КИЕЛІ КІТАПТЫҢ ІЗІ

жазбады. Ал алдыма келген адам жазылмаса, соның дерті мені қинайды, сондай бір ауыр күні түсімде ақ сәлделі бір қария кіріп «қызым киелі Түркістанға жүр» деп қолымнан ұстап жетектей жөнелді. Оянып кеттім, ол кезде Құдайы жоқ қылышынан қан тамып тұрған Кеңес дәуірі... Ақмола жақта Қожа Ахмет Яссауи, Түркістанды ешкім білмейді екен.... Айналамдағы қазақтардан жайлап сұрастырып жүріп әйтеуір жеттім ғой, Құдайға шүкір, киелі жерге табаным тигелі бір күн ауырмадым, алдыма келген адам дертінен құлан таза айғыып кететіні де осы жердің киесі деп білемін.

Бұның бәрін айтып отырған себебім, қазір заман өзгерді, мен кеткенде бір болған Италия 1929 жылдан бері екі мемлекет. Ватиканда менің бір де бір туысым қалмапты. Ең болмаса тасыма Агнесса деп шын атымды жазарсың, Шолпан! Бірақ тағы да ескертемін, ешкімге еш уақытта бұл кітаптың барын айтпа, сырт көзге көрсетпе, қазіргі тілмен айтқанда кара магиямен айналысатын адамдардың қолына тиісе Құдай сақтасын, айтпақ түгілі ойлауға қорқамын.


\*\*\*

Облыс орталығынан келген тергеуші Ермек Шолпан емшіге өзін өле-өлгенше қарызбын деп есептейтін, бірнеше қыздан кейін көрген жалғыз ұлы бес жасқа келгенше аяғын баса алмай, дәрігерлердің емі қонбағасын осы Шолпан емшіге келген. Дәрігерлер 5 жылда емін таппаған дертті бір апта оқып, баласын аяғынан тік тұрғызып берген. Қазір Құдайға шүкір, өз қатарымен жүгіріп жүр. Әйелі екеуі Шолпан емшіге қалағаныңызды сұраныз деген шын ниеттерімен. Сол кезде «ракеттердіңнен басқа ештеңе керегі жоқ» деп еді-ау, жарықтық. Жаназада тұрғанда Ермек ішінен өз-өзіне ант бергендей «өліміңізге себеп болған қылмыскерді міндетті түрде табамын, сіздің алдыңыздағы қарызымды өтеймін» деді.

\*\*\*

Аня қайтыс болғанша Шолпанға ескі әріптермен жазылған көне кітаптың барлық құпиясын үйретіп кетті. Шолпан өмірі адам емдеп көрмегесін, бір жыл ешкімге ештеңе айтпады. Бірақ еңсесін көтере алмай жүрді, түнімен мамық төсегі денесіне тастай батып, ертенгісін тура ауыр жұмыс істегендей ауырып тұратын. Бір күні таңертең өзінің «аһ» дегенде аузынан түсіп қалған немересінің үстіне түймедей-түймедей жара қаптап кетті. Содан, біссімілласын айтып, немересін бөлмесіне кіргізіп алып, үйренген дұғасын оқып еді, ертесінде тап-таза болып айғыып кетті. Содан бастап Шолпан қорқынышын жеңіп, сәбилерді емдей бастады. Ауылда сөз жата

ма «ойбай, Шолпанға емші Аня бәрін үйретіп кетіпті» деген сөз желдей есе жөнелді. Содан кейі Шолпанның алды бір күн босаған емес, адамдар сонау облыстан іздеп келіп емделетін болған. Балалары да шешелерінің бір күнде емші болып кеткеніне таң қалғасын Шолпан бір күні барлық ұл-қызын жинап Анядан үйренгенін және құпия кітап бергенін айтты. Бірақ ешкімге тіс жармауын қатты ескертті.



— Ермек Аскарбекұлы, сізге айыпталушы Талғаттың аға-әпкелері келіп тұр, — деді кезекші сержант.

— Өзім де қашан келер екен деп күтіп отыр едім, тергеу бөлмесіне бір-бірлеп кіргізіңдер, — деді бас тергеуші.

мызды біліп отырған шығарсың? — деді Ермек Талғаттың қасына келіп.

— Сонда сіздер шешемді мен өлтірді деп отырсыздар ма? — деді Талғат ыза болып.

— Мен олай айтқан жоқпын, мүмкін өзің айтарсың? — деді тергеуші Шолпан емшінің ұлына сынай қарап. Талғат ыза болып жылап жіберді.

— Полковник мырза, өзіңіз білесіз, анамыз елге сыйлы емші болған, қазіргі қолымыздағы барымыз сол шешеміздің арқасы, елдің рақметімен жиналған. Сізге несін айтып отырмын, анам өзіңіздің де балаңызды емдеді емес пе? Алдына келген баланы дертінен айықтырғанша дамыл таппайтын, сондықтан ол кісінің дұшпаны болды деп айта алмаймын.

— Талғат, өз сөзіңе өзін қарсы келіп отырсың! Егер анаңның дұшпаны жоқ болса, онда кім орындыққа байлаған, үйден не іздеген? Ал алынған қолтаңбаның іздері бойынша үйге бөтен ешкім келмеген. Өздеріңнен басқа...

— Біз Түркістаннан келгенде апамды орындыққа отырғызып скочпен қолы мен аяғын байлап кетіпті. Есім шыққаны соншалық, апамды құшақтай бердім, менің қолтаңбам болмағанда кімдікі болады? Басқалар келгенше әйелім екеуміз апамды орындықтан шешіп жатқыздық қой...

— Іске қатысты жана айтарың болмаса, кішкене түрменің дәмін татып, ойланып көр, — деді де сақшыларға алып кетіндер дегендей иегін қақты.

\*\*\*

— Ермек Аскарбекұлы, сізге айыпталушы Талғаттың аға-әпкелері келіп тұр, — деді кезекші сержант.

— Өзім де қашан келер екен деп күтіп отыр едім, тергеу бөлмесіне бір-бірлеп кіргізіңдер, — деді бас тергеуші.

— Ассалаумағалейкум, — деп амандасқан

— Ермек Аскарбекұлы, сізге айыпталушы Талғаттың аға-әпкелері келіп тұр, — деді кезекші сержант.

— Өзім де қашан келер екен деп күтіп отыр едім, тергеу бөлмесіне бір-бірлеп кіргізіңдер, — деді бас тергеуші.

— Ассалаумағалейкум, — деп амандасқан

Болат, басқа ештеңе демей тергеушінің алдында өзін кінәлі сезінгендей қипақтай бастады.

— Баке, алдында айтқандарыңыздан басқа қосып-аларыңыз болмаса, менің уақытымды алмаңыз. Мен Талғатты күдікті деп ұстап отырмын, — деді Болатқа қарап.

— Полковник, тергеуші, — деп терлеп-тепшіп беторамалмен бетін, мойнын сүртіп алды да сізге, басында айта алмап едік, күдікті деп бауырымды қамап қойғасын шешеміз кешірір деп келдік. Негізі ұрылар үйдегі ақшаны да, алтын сақина-сырғаларды да алмапты, оларға керегі бір-ақ нәрсе болған сияқты... — Ол не зат сонда? — деді тергеуші шыдай алмай.

— Кітап, апам елді сол кітаппен емдейтін, оған көршіміз италияндық Аня апай беріп кеткен.

— Болат, осы уақытқа дейін кітап үшін адам өлтірді дегенді естімеппін, ол соншалықты не кітап?

— Білмеймін, апам бізге бір-ақ рет көрсетті, өте көне кітап, біздің тілде жазылмаған, апам ешкімге еш уақытта біздің біздің үйде екенін айтушы болмаңдар дегесін, біз де ол туралы сөз еткен емеспіз. Ал апамды өлтіріп кеткенде ол кітап ешқайсысымыздың ойымызға да түспеді, үш-төрт күннен кейін ғана келіндер апамыздың сандығын ашқан кезде Талғаттың ойына түсіп, кітапты іздедік, жоқ. Мүмкін сол кітап үшін шығар деген ой келіп тұр, басқа ештеңе алмаған.

— Бұл қызық болды ғой, егер сендерден басқа ешкім кітап туралы білмесе, бәрібір күдікті өздерің болып тұрсыңдар ғой, — деді тергеуші.

— Солайы солай болып тұр, бірақ ол кітап бізге неге керек, оқи да алмаймыз, өйткені жазуы Құлтегің жазыға ескерткішіндегі жазудай. Ал апама оқуды Аня емші үйреткен. Сол кісінің айтуынша апам әр баланы емдеген сайын күш-қуат алады, сондықтан апама тоқсан жастан асқаннан кейін ғана кітапқа ие іздерсің депті. — Адам бар-жоғы жетпістен енді ғана асты, көрдіңіз бе, ол кітап бізге түкке керегі жоқ.

Ермек Аскарбекұлы дереу Италияға ұшатын ұшақтардың кестесін алдырды. Алматы қаласынан аптасына бір-ақ рет Рим қаласына ұшақ ұшады екен. Егер үлгерсе бүгін түнде қылмыскерді ұстауға болады. Түркістандық тергеушілер Алматыға ұшты.

\*\*\*

Бірнеше жыл Орта Азияны шарлаған агент Ватиканнан 100 жыл бұрын жоғалып кеткен құнды кітаптың деретін ақыры Қа-

зақстанның киелі қаласы Түркістаннан тапты. Түркі дүниесі үшін екінші Мекке болып саналатын қаланың түбіндегі ауылдағы Агнесса туралы естігенде күдерін үзе бастаған агенттің өшкен үміті қайта жанды.

Агнессаның басына қойылған күмбезіне қарап қазақтардың жомарттығына таң қалды. Және тасына «италияндық Агнессаға емделушілерінен мың алғыс» деген жазуды көргенде өзінің шатаспағанын білді. Сұрай-сұрай Меккеге баратын адам Аня емшінің ізбасары Шолпан екенін де біліп алды. Тек ың-шыңсыз кітапты ғана алу керек. Үйінен адам аяғы үзілмейтін Шолпаннан кітапты қалай алмақ? Қонағы мен емделушілері үзілмейтін үйдің бос болуын күтсе ұзақ болатынын білген агент Шолпан емшіге емделуші болып келіп, «Керуен-сарайға» билет тастап кетті.

\*\*\*

Ешкімнің көзіне көрінбей үйге кіргенде бұның жәй адам емес екенін бірден білген Шолпан емші:

— Шырағым, өлтірсең өлтір, бірақ кітап жоқ. Сені жібергендерге айтып бар, кітапты сенің ата-бабаң емес, қазақтың ата-бабасы жазған екен, қалай соны түсіндім, солай Түркістан қайта түрленді. Сондықтан кітапты алып кетпеулерің үшін өртеп жібердім, — деді. Кітаптың барлық қасиетін білген адамның өртеп жібермейтінін ұққан агент кинап көрсем қу жаны үшін қайда жасырғанын айтар деген оймен орындыққа байлағаны сол еді, кітаптың барлық құпиясын білетін емші бір дұғаны іштей оқыды да, даусын тілін қәлимаға келтіріп жүріп кетті. Не істерін білмеген ол үйдің барлық жерін ақтарып шықты, шын айтқан сияқты, үйде кітап жоқ.

Шолпан емшінің жерлеуіне бүкіл ауданның тұрғыны келді десе де болады. Соны пайдаланып көпшілікпен бірге жерлеу рәсіміне де қатысты. Бірақ бір де бір адам кітап туралы сөз қозғаған жоқ. Соған қарағанда Шолпан кітапты шынымен де жойып жіберген сияқты. Ватиканға хабарласып болған жайды айтты да, жолға жиналды.

\*\*\*

Тергеушілер ұшаққа билет алғандардың тізімін қарап отырып күдіктіні бірден таныды. Шетелдік азаматты ешқандай айғағы жоқ жәй күдікті деп ұстай алмайтынын білген Ермек кеден қызметкерлерімен келісті. Маттеоны тергеу бөлмесіне әкелгенше ол ағылшынша-италиянша сөйлеп қазақша білмейтіндей тұр танытты.

— Маттео мырза сізбен қазақша сөйлесе берсем болатын шығар, — деді Ермек өзін таныстырып.

Басында Маттео түсінбегендей кейіп танытты. Бірақ Ермек Шолпан емшінің жерлеу рәсіміндегі мұрт жабыстырып, жаназада тұрған суретін көрсеткенде ғана:

— Тергеуші мырза, жаназаға қатысу қылмыс емес шығар? — деді бетіне қарап.

— Жаназаға қатысу қылмыс емес, керісінше сауап іс, бірақ сонау Ватиканнан Шолпан емшінің жаназасына келуіңіздің себебін түсіндірсеңіз?

— Мен Қазақстанға кәсіп ашамын деп келдім, бизнесім мақтаға байланысты болғасын Оңтүстік Қазақстанға бардым, сол жерде Шолпан емші туралы естідім, танысуға барғанда жаназасының үстінен түстім, содан қатыстым да қайтып кеттім.

— Сіздің сөзіңізге сенсек Отырар ауылына сол кезде бірінші рет барып отырсыз?

— Иә, сол кезде бірінші рет бардым.

— Маттео мырза, сіз өз қылмысыңызды мойындамасаңыз да бізде сотқа берер құжат аз емес. Сіздің бір-ақ қателігіңізді айтайын, ауылға бір емес, үш рет барыпсыз. Оны қайдан біліп отыр десеңіз, Түркістан қаласынан жеңіл авто көлік жалдапсыз, ғаламтор арқылы сіздің қайда, қашан барғаныңыз және «Керуен-сарайға» билет алған кезде бейнекамераға анық түсіп қалыпсыз.... Жалғастыра берейін бе, Маттео мырза? Енді бір сұрақ — кітап қайда?

Үнсіз отырған күдікті басын шайқады да: — Кітапты таба алмадым, Шолпан емші айтпады, қазақ қыздары мықты дегенде сенбеуші едім, сендердің жетістіктерің аналарыңның арқасы екен....

\*\*\*

Шолпан емшінің балалары аналарын өлтірген қылмыскер ұсталып, жазасын алғасын, бәрі жиналып аналарының рухына құран оқытты. Өздері ғана қалған кезде Талғат:

— Кітапты қылмыскер алмапты, апам шынымен өртеп жіберді ме екен? — деді үлкен ағасы Болатқа қарап.

— Сонау Ватиканнан іздеп келгендеріне қарағанда шынымен киелі кітап болды ғой. Мүмкін өртесе өртеп жіберген шығар, — деді бауырларына қарап. Бәрі солай шығар дегенді бастарын ізеп, ағаларымен келісті.

Шолпан емшінің немересі ғана әжесі ол кітапты Әзірет сұлтанның күмбезіндегі қасиетті тайқазанның астына апарып жасырғанын ешкімге айтқан жоқ.

**Жанар МҰҚАШЕВА**

## ЗАҢ газеті

Редакторлар кеңесінің төрағасы – директор **Жанахмет АҒЫБАЕВ**

Бас редактор **Айнұр СЕМБАЕВА**

Бас редактордың орынбасары **Шолпан ҚАРАЕВА**

Немірдің кезекші редакторы **Ерлік КЕБЕКБАЙ**

\*\*\*

\*\*\*

\*\*\*

\*\*\*

**МЕНШІКТІ ТІЛШІЛЕР:**

**Нұр-Сұлтан** Айша Құрманғали 8 707 851 91 13.  
**Алматы облысы** Нұрбол Әлдібаев 8 701 357 66 84.  
**Ақтөбе облысы** Жансая Есмағанбетова 8 705 398 62 83.  
**Жамбыл облысы** Арсен Саттаров 8 705 808 14 31.  
**Маңғыстау облысы** Жазира Әбіл 8 702 514 54 44.  
**Қызылорда облысы** Гүлбану Мақажан 8 701 697 39 86.  
**Түркістан облысы** Сабырбек Олжабай 8 701 385 72 75.  
**Шығыс Қазақстан облысы** Шадыяр Мекенбайұлы 87757335665  
Талғатжан Мұхамадиев 8 747 746 49 82.

**РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:**

050012, Алматы қаласы, Х.Досмұхамедұлы көшесі 68 «б»-үй.  
 Қабылдау бөлмесі: 292-43-43; 292-79-61

**E-mail: zanreklamaastana@mail.ru**

«Заң газеті» аптасына 2 рет – сейсенбі, жұма күндері жарық көреді.  
**Жеке таралым 8019 дана**  
**Апталық таралым 16 038 дана**

Тапсырыс №159 Индекс 65921

**Газет Қазақстан Республикасы бойынша таралады**

**Газетіміздің электронды нұсқасын Zanmedia.kz сайтынан оқи аласыздар.**

Газет бетіндегі жарияланымдардың позициясы мен фактілері үшін редакция жауап бермейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауапты. Жарнама берушінің жіберген қателігіне байланысты талап-тілектер хабарландыру жарияланған күннен бастап екі ай мерзім ішінде қабылданады.

Газеттің есепке қою туралы **№16297-Г куәлікті 2017 жылғы 12 қаңтарда** Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникация министрлігі берген.

Газеттің терімі мен бет қаттау жұмыстары «Заң» Медиа-корпорация» ЖШС компьютерлік орталығында жасалды. Алматы облысы, Іле ауданы, Өтеген батыр ауылы, Сейфуллин көшесі, 2«б», «Принт плюс» ЖШС баспаханасында басылып шығарылды. Тел.: факс. 8 (727) 51-78-27, 8 (727) 51-78-31